

**НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
БІЛІМ БЕРУДІ ЖАҢҒЫРТУ ОРТАЛЫҒЫ МКҚК
НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ Б.МАЙЛИН АТЫНДАҒЫ
№52 МЕКТЕП-ГИМНАЗИЯСЫ**

**МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫН САТЫЛАЙ
КЕШЕНДІ ТАЛДАУ**

Оқу құралы

3-сынып

НҰР-СҰЛТАН, 2022

Б.Майлин атындағы №52 мектеп –гимназиясының бірлестігінің отырысында қаралды, қалалық Сараптау кеңесіне ұсынылды (2022 жылғы 05.01 №3 хаттама)

Пікір берушілер:

Нүптекеева Г.Б. – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Академик С.Қирабаев атындағы қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, ф.ғ.к.

Оразахынова Н.А. – педагогика ғылымдарының докторы, профессоры, ҚР Кіші ғылым академиясының вице-президенті, «Сатылай кешенді оқыту» технологиясының авторы.

Құрастырушы: Орынбасарова Р.И. Мұқағали Мақатаев шығармаларын сатылай кешенді талдау. Оқу құралы – Нұр-Сұлтан, 2022. – 67 б.

Бұл 3-сынып оқушыларына таңдау курсың өтуге арналған оқу құралы. Н.А.Оразахынованың «Сатылай кешенді оқыту» технологиясын қолданып құрастырылған және негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, жаңартылған білім беру мазмұнын негізге алып, құрастырылған. Оқу құралы оқушыларға әдебиеттік оқу пәнінің мазмұнына үйлестіре отырып, прозалық шығарманы мазмұндап оқу, поэзиялық шығарманы жаттау, оларды сатылай кешенді талдап, көркем шығарманың табиғатын түсініп, жас ерекшеліктеріне сай әдеби теориялық ұғымдарды сауатты меңгеріп, көркем сөйлеу дағдысын қалыптастырады.

Мазмұны

Кіріспе.....	3
1 – 2 тақырыптар. М.Мақатаев өмірі мен шығармашылығымен танысу, талдау.....	4
3 – 5 тақырыптар. «Ақ кимешек көрінсе» өлеңін сатылай кешенді талдау.....	9
6 – 8 тақырыптар. «Үш бақытым» өлеңін сатылай кешенді талдау.....	13
9 – 11 тақырыптар. «Жалғыз терек» өлеңін сатылай кешенді талдау.....	16
12 – 14 тақырыптар.«Аққу деген» өлеңін сатылай кешенді талдау.....	19
15– 17 тақырыптар. «Туған жерге» өлеңін сатылай кешенді талдау.....	22
18 – 20 тақырыптар. «Қаздар қайтып барады мекеніне» өлеңін сатылай кешенді талдау	25
21 – 23 тақырыптар. «Көктем де келер» өлеңін сатылай кешенді талдау.....	28
24 – 26 тақырыптар. «Шеше, сен бақыттысың» өлеңін сатылай кешенді талдау.....	30
27 – 29 тақырыптар . «Әке» өлеңін сатылай кешенді талдау.....	33
30 – 32 тақырыптар. «Өткінші жаңбыр» өлеңін сатылай кешенді талдау	36
33 – 34 тақырыптар. Жат жазу.....	39
35 – 37 тақырыптар. «Жігіттер, мақтанбалық» өлеңін сатылай кешенді талдау.....	40
38 – 40 тақырыптар. «Қазақстан» өлеңін сатылай кешенді талдау	43
41 – 43 тақырыптар.«Қайран Қарасазым-ай! өлеңін сатылай кешенді талдау.....	46
44 – 46 тақырыптар. «Мен – Үйсінмін!» өлеңін сатылай кешенді талдау.....	49
47 – 49 тақырыптар. «Қазынам бар» өлеңін сатылай кешенді талдау.....	52
50 – 52 тақырыптар. «Сені де адам дегенге» өлеңін сатылай кешенді талдау.....	54
53 – 55 тақырыптар. «Қойшы бала Әкітай» өлеңін сатылай кешенді талдау.....	57
56 – 58 тақырыптар. «Шындық туралы» өлеңін сатылай кешенді талдау.....	59
59 – 61 тақырыптар. «Сәлемдеме» өлеңін сатылай кешенді талдау.....	61
62 – 64 тақырыптар. «Мен деген – ырза, мәз бала» өлеңін сатылай кешенді талдау.....	63
65 – 66 тақырыптар. Жат жазу.....	65
67 – 68 тақырыптар.Тест тапсырмалары.....	66
Пайдаланылған әдебиеттер.....	67

КІРІСПЕ

Әдебиет – ардың ісі. Әдебиеттің өзі қай дәуірде де, қай заманда да адам көңіл-күйінің буырқанған, босаңсыған, қайрат шақырған, қамыққан, өмірлік мақсаттарға ұмтылған сәттерінің бәрінің де көркем шежіресі, бейнелі суреті, мың құбылған әуені. Еркіндікті, азаттықты, тәуелсіздікті әрдайым ту ғып ұстап, ұлттық сана-сезімді тәрбиелеуде, ата-бабамыздан қалған жерімізді басқыншы жаулардан қорғауда, ұлттық намыс пен ұлттық патриотизмді қалғытпай қайрап отыруда рухы биік әдебиетіміздің де артар жүгі алдыңғы қатарда еді. Әдебиет адамға өмірді танытып қана қоймайды, солардың өмірге көзқарасын қалыптастырады, мінез-құлқына, тұрмыс-тіршілігіне ықпал етеді.

Әдеби шығарма адамның бүкіл ой-қиялын, сыр-мінезін түгел баурайды: қуантады, сүйіндіреді, таңдантады, күйіндіреді, жылатады, күлдіреді...Қысқасы, адамның көңіл-күйінде сан сапа құбылыстартуғызып, із қалдырады. Бұл әдеби шығарманың, яғни көркем әдебиеттің эстетикалық әсері, оның таным, тәрбие тарапындағы мәні де осыған негізделген. Қазақ халқының кез келген ақыны өз елін, Отанын, туған жерін жыр жолдары арқылы жоғары пафоста жырлаған. Солардың бірі – Мұқағали Мақатаев. Оның өлеңдері – ұлттық поэзияның жаңа бір белеске көтерілгендігін, жаппай евроцентристік ағымға ойысқан заманда қазақтың қара өлеңінің шынайы қасиеттерінің қадірі артып, бұрынғыдан да толысып, кемелдене түскендігінің куәсі. Ол қазақ өлеңінің ұлттық бояуы мен рухын ұстанды, оны түрлендіре байытты, сөйтіп қалың қазақ оқырмандарының жүрегіне жол ашты. Сонымен қатар ақын қазақ лирикасын ХХ ғасыр әдебиетінің озық үлгілерімен құнарландырды. Мұқағали сыршыл ыстық лирикасымен өз оқушыларының жүрегіне жол тапты, оларды жақсы жырдың ләззатына қандырып, өзінің менімен адамзатқа ортақ ақиқатты жырлап, қалың оқырманның жан жүрегін баурады.

Сондықтан бастауыш сыныптан бастап ақынның сыршыл жырларын бала бойына сіңіру әрбір ұстаздың міндеті болмақ. Бұл ұсынылып отырған оқу кешені ақынның өлеңдерін 3-сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, оларға жаттауға, сатылай кешенді талдауға қиындық тудырмайтындай етіп іріктеліп алынды. Және ол өлеңдерді талдап оқыту бірнеше жылдан бергі тәжірибемізде қолданыс тауып келеді. Ақынның өлеңдерін жаттап, талдай отырып оқушылар өзінің туған жеріне, ата-анасына, туған-туысына, Отанына деген патриоттық сезімдері арта түседі. Сонымен қатар оқушылардың өлеңді жаттап, оны мәнерлеп айту машығы қалыптасумен қатар сөздік қоры байып, сөз саптау шеберлігі қалыптасып, кез келген шаршы топта шешен де шебер сөйлеуге машықтанумен қатар әдеби теориялық ұғымдардың алғашқы нұсқаларын сауатты түрде меңгеруге қол жеткізеді. Бұл жұмыстар оқушылардың алдағы уақытта шағын әңгіме жазу, бір-екі шумақтық өлең шығару, шағын көлемдегі шығарма және эссе жазуға дағдыланады.



ӨЛЕҢДІ САТЫЛАЙ КЕШЕНДІ ТАЛДАУ



Берілген ребусты шешіңіздер.



- Мұқағали Мақатаев кім?
- Ол туралы қандай мағлұмат білесіздер?



Өлеңді мәнерлеп оқып, жаттап алыңыздар.

ОТАН ТУРАЛЫ

Мен оның түнін сүйем, күнін сүйем,
Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем,
Мен оның қасиетті тілін сүйем,
Мен оның құдіретті үнін сүйем.
Бар жәндігін сүйемін қыбырлаған,
Бәрі маған: «Отан!» деп сыбырлаған
Жаным менің,
Кеудемді жарып шық та,
Бозторғайы бол оның шырылдаған!

Отан!
Отан!
Бәрінен биік екен.
Мен оны мәңгілікке сүйіп өтем.
Отанды сүймеуің де күйік екен,
Отанды сүйгенің де күйік екен...

Мұқағали Мақатаев

ОТАН

Гүлдердің ертемен
Қауызын ашқанын,
Көктемнің көкпеңбек,
Мөп – мөлдір аспанын,
Таулардың қол жетпес асқарын
Ұнатам бәрін де,
Өйткені ол Отан –
Ұлы Отан.
Бәрін де, бәрін де
Ұнатам,
Өйткені ол Отан –
Ұлы Отан.

Жақан Смақов



Ой толғаныс

Екі ақынның Отан туралы өлеңдерін салыстырып, ұқсастығы мен ерекшеліктерін дәптерге орындаңыздар.

Ақындар	Екі өлеңдегі ұқсастықтар	Екі өлеңдегі ерекшеліктер
<i>Ж.Смақов</i>		
<i>М.Мақатаев</i>		



Өлеңді сатылай кешенді талдау. (1- сатысы)

1.Авторы.Мұқағали Мақатаев 1931 жылдың 9 – ақпанында Алматы облысы, Нарынқол ауданының Қарасаз ауылында дүниеге келген. Әкесі соғыста қаза тауып, анасы мен әжесінің тәрбиесінде өсті. Мұқағалидың әкесі Сүлеймен шаруа адамы болған. Бастауыш сыныпты Қарасазда оқып, орта мектепті аудан орталығы Нарынқолда интернатта оқып бітіреді. Мектепте оқып жүрген кезде ең алғашқы өлеңдерін жаза бастаған болатын.

1948 жылы мектепті жақсы аяқтап, алғаш рет Алматыға шет тілдер институтының неміс тілі факультетіне түседі. Бірақ өз жағдайы, ауылдағы екі анасы мен қос інісінің жағдайы оны оқудан шығуға мәжбүр етеді. Сөйтіп, ол ауылға қайтып келеді. 1949 жылы Лашын апамызбен өз отбасын құрды. Одан соң дүниеге Алмагүл, Шолпан атты екі қызы, Айбар, Жұлдыз атты ұлдары келді. Ал, Майгүл есімді қызы 10 жасында қайғылы қазаға ұшырап, Мұқағали ағамыздың қабырғасын қайыстырды. Мұқағали балаларын көргенде майдай еритін. Ол баланы ұстауға да, күтуге де шебер болды. Мұқағали балаларын жанынан бетер жақсы көрді. Төрт перзентінің маңдайынан шертпей өтті. Балалары десе ішкен асын жерге қойды.

Мұқағали ағамыз ауыл мектебінде мұғалім болады. Одан кейін ауылдың хатшысы, қызыл отаудың меңгерушісі, комсомол комитетінде болып, 1954 – 1962 жылдары Қазақ радиосында диктор болып қызмет атқарды. Кейін 1962 жылы маусым айында Алматыға көшіп келіп, осы жерде өзінің көптеген шығармаларын дүниеге әкелген.

Ал, 1962 – 1972 жылдарда «Социалистік Қазақстан», «Қазақ әдебиеті» газеттерінде, «Мәдениет және тұрмыс», «Жұлдыз» журналдарында бөлім меңгерушісі болып еңбек етті. 1972 – 1973 жылдары Қазақстан жазушылар одағында әдеби кеңесші қызметін атқарды.

1948 – 49 жылы филология факультетінде оқыған. Маркс атындағы кеңшарда ауылдық кеңес хатшысы, мектепке мұғалім болды. 1948 жылы орта мектепті бітірісімен, мәдени-ағарту саласында түрлі қызметтер атқарды. Мектепте әдебиет пәнінен сабақ берді. Аудандық газетте әдеби қызметкер болып істейді. Ол 1962 жылы Алматыға қоныс аударып, әдеби ортаға етене араласа бастайды. Алматы Шет тілдері институтының неміс тілі, Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультеттерінде оқып және Мәскеудегі М. Горький атындағы әлем әдебиеті институтында білім алады. Мұнан соң «Социалистік Қазақстан», «Мәдениет және тұрмыс», «Жұлдыз» журналдарының редакциясында қызмет атқарады.

2. Тақырып. Тақырып дегеніміз – бұл өнер туындысының іргетасы. Бұл – шығарма. **Әдеби шығарма дегеніміз** – белгілі дәуірдегі қоғамдық шындықтың сәулесі. Бұл өлеңнің тақырыбы –



Мәтінді түсініп оқып, өз сөздеріңізбен баяндаңыздар.

ҰЛЖАННЫҢ ЖЕҢІСІ

Аяғы-аяғына тимей зуылдап келе жатқан кішкентай Ұлжан ашулы. Жайшылықта жайдары, көңілді жүретін оның мұнысы қалай? Ызадан булыққан қызды, әгәрәки біреу-міреу тоқтатып, «Не болды балақай?» десе, жылап жіберерліктей халде болатын.

Кінә өзінен. Сабақ соңында қатарлас қазақ сыныбындағы қыздар мұғалімдер бөлмесінің алдында оңашаланып тұр екен. Көрші Тұрсынғүл де солардың арасында.

– Мен бүгін сенімен қайтпаймын, – деді ол. – Өзің кете бер.

– Неге?

– Тәуелсіздік мерекесіне дайындаламыз.

– Ән айтасыңдар ма сонда?

– Иә, ән айтамыз, би билейміз.

– Маған да қатысуға бола ма? – деді Ұлжан.

– Ол жағын білмеймін. Бұл біздің сынып оқушыларының іс-шарасы ғой.

Қос құрбының әңгімелерін естіген Ләзиза есімді қыз қастарына келіп:

– Болмайды, – деді Ұлжанға қарап. – Бұл іс-шарада тек қазақ тіліндегі әндер орындалады. Оқылатын тақпақ, өлеңдер де мемлекеттік тілде. Ал сенің қазақшаң нашар! Ойқы-шойқы! Өзің қазақ бола тұрып, орыс сыныбында оқисың!

Ұлжан ұялғаннан жауап қайтара алмады. Бір жағынан Ләзизаның айтқаны шындық. Тілін тістеп, тез бұрылды да шығар есікке беттеді. Үйге келе сала «өшін» анасынан алды.

– Мама, неге мені орыс сыныбына бергенсіңдер?

– Не болды ботам? Тыныштық па?

– Неге олай еттіңдер?

– Орыс тілінің абырой-беделі биік қой деп, әкең екеуміз ақылдасып, беріп едік. Онда тұрған не бар?

– Мәселе сонда, мама! Мен ертеңнен бастап орыс сыныбында оқымаймын! Қазақ сыныбына ауыстырыңдар!

– Оның реті қалай болар екен?! Нашар сөйлегеніңмен, нан сұрап жейтін қазақшаң бар. Неге соншама бүліндің?! Әлде, біреу ренжітті ме?

– Жоқ, – деді бірбеткей Ұлжан алған бетінен қайтпайтынын аңдатып. – Мен бәрібір қазақ сыныбына ауысамын.

Ұлжан дегенінде тұрды. Әкесін мектепке ертіп әкеліп, директорға жолықтырды. Мектеп басшысы арнайы комиссия құрды. Ұлжанның қазақшасын тексерді. Ақыры ынта-ықыласын ескеріп, оны тура Тұрсынғүл құрбысының сыныбына ауыстырды.

Өзі сол күннен бастап қазақ тілін жанын салып үйрене бастады. Үйдегі ертегі кітаптарын ерінбей-жалықпай оқыды. «Керек кітап» атты өлеңдер жинағынан, ақын Өтепберген Ақыпбекұлының «Тәуелсіздік – Бақ туы» деген өлеңін жаттады.

...Мерекелік кешке мектеп директоры мен мұғалімдер, ата-аналар мен оқушылар қатысты. Тақпақ айту кезегі үшінші сынып оқушысы Ұлжанға келгенде, жүзі бал-бұл жайнаған сүйкімді сары қыз мүдірместен тақылдай жөнелді:

–Тәуелсіздік –

Бақ-Туын

Қолға ұстаған сәт бүгін.

Ақсарбас қой – құрбандық,

Болсын дәйім шат күнім!

Болашаққа серпін нық,

Көкке атады бөркін жұрт.

Тәуелсіздік – ынтымақ,

Тәуелсіздік – еркіндік.
Қыста келген бақыт бұл,
Қыспай берген жақұт, нұр.
Аппақ қардай пейілін
Әлемге,
Елім шашып тұр!..

Бәрі ду қол шапалақтады. Ұлжанның көзі анасына түсіп еді, ол төмен қарап отыр екен. Жүгіріп барып анасын құшақтай алды. Анасы бірден көңілденіп: «Жарайсың, қызым! Сен жеңіске жеттің!» деді құлағына сыбырлап.

Толымбек Әбдірайым.



- Мәтіннен не түсіндіңіздер?
- Мәтіндегі негізгі ойды табыңыздар.

Мақал - мәтелдерді толықтырып айтыңыздар.

Отансыз адам -.....

Отан үшін отқа түс.....

Отан оттан да.....

Отанды сүю



Суреттер бойынша өз ойларыңыздан әңгіме құраңыздар. Өлең тақырыбына ұқсастығын анықтаңыздар.



ӘЖЕ

I

Тоқыпты әжем алаша,
Бояуы қынық тамаша.
Көктемгі кемпірқосақты
Әжеміз жерге жасапты.

II

Әже, әже, жатпашы,
Ауыр ойға батпашы.
Болайын мен дәрігер,
Десең; «Шипа дәрі бер!» -
Дәрі жасап берейін,
Бәрін жасап берейін.
Ауыртпаймын әжемді,
Ауырмайсың, әже, енді.

III

Ауылға шақырған кім?
Біздің Бәпи әже.
Сусынға ішкізгені не?
Қымыз, тары көже.
Не жегізді сыйлап?
Балқаймақ пен құймақ...

М.Әлімбаев



Өлеңді мәнерлеп оқып, жаттап алыңыздар.

АҚ КИМЕШЕК КӨРІНСЕ

Әже, сен бірге жүрсің меніменен,
Өліге мен өзінді телімегем.
Ақ кимешек киген бір кемпір көрсем,
Ақ кимешек астынан сені көрем.
Өңі-түсі өзіннен бір аумайды,
Немересін ертпесе жүре алмайды.
Таныс дауыс, таныс сөз, таныс мәсі,
Көзіме оттай басылып, алаулайды.
Аппақтығы ұқсайды әрінің де,
Әжімің де, аумайды тәлімің де.
...Әлемдегі әженің бәрі бір ме?!
Әже, сен тірі екенсің әлі күнге.
Қия өтпейді...
Ұқсайды ізеті де,
(Ізетсізді бұлар да түзетуде.)
Бұлар да бабасынан алып қалған,
Өз жұртының дәстүрін күзетуде.
Әже, сен бірге жүрсің меніменен,
Өліге мен өзінді телімегем.
...Ақ кимешек көрінсе, сені көрем,
Ақ кимешек жоғалса...
Нені көрем???

Мұқағали Мақатаев



Өлеңді сатылай кешенді талдау. (1-2- сатысы)

1.Авторы. Мұқағали Мақатаев 1931 жылдың 9 – ақпанында Алматы облысы, Нарынқол ауданының Қарасаз ауылында дүниеге келген. Әкесі соғыста қаза тауып, анасы мен әжесінің тәрбиесінде өсті. Мұқағалидың әкесі Сүлеймен шаруа адамы болған. Бастауыш сыныпты Қарасазда оқып, орта мектепті аудан орталығы Нарынқолда интернатта оқып бітіреді. Мектепте оқып жүрген кезде ең алғашқы өлеңдерін жаза бастаған болатын.

1948 жылы мектепті жақсы аяқтап, алғаш рет Алматыға шет тілдер институтының неміс тілі факультетіне түседі. Бірақ өз жағдайы, ауылдағы екі анасы мен қос інісінің жағдайы оны оқудан шығуға мәжбүр етеді. Сөйтіп, ол ауылға қайтып келеді. 1949 жылы Лашын апамызбен өз отбасын құрды. Одан соң дүниеге Алмагүл, Шолпан атты екі қызы, Айбар, Жұлдыз атты ұлдары келді. Ал, Майгүл есімді қызы 10 жасында қайғылы қазаға ұшырап, Мұқағали ағамыздың қабырғасын қайыстырды. Мұқағали балаларын көргенде майдай еритін. Ол баланы ұстауға да, күтуге де шебер болды. Мұқағали балаларын жанынан бетер

жақсы көрді. Төрт перзентінің маңдайынан шертпей өтті. Балалары десе ішкен асын жерге қойды.

Мұқағали ағамыз ауыл мектебінде мұғалім болады. Одан кейін ауылдың хатшысы, қызыл отаудың меңгерушісі, комсомол комитетінде болып, 1954 – 1962 жылдары Қазақ радиосында диктор болып қызмет атқарды. Кейін 1962 жылы маусым айында Алматыға көшіп келіп, осы жерде өзінің көптеген шығармаларын дүниеге әкелген.

Ал, 1962 – 1972 жылдарда «Социалистік Қазақстан», «Қазақ әдебиеті» газеттерінде, «Мәдениет және тұрмыс», «Жұлдыз» журналдарында бөлім меңгерушісі болып еңбек етті. 1972 – 1973 жылдары Қазақстан жазушылар одағында әдеби кеңесші қызметін атқарды.

1948 – 49 жылы филология факультетінде оқыған. Маркс атындағы кеңшарда ауылдық кеңес хатшысы, мектепке мұғалім болды. 1948 жылы орта мектепті бітірісімен, мәдени-ағарту саласында түрлі қызметтер атқарды. Мектепте әдебиет пәнінен сабақ берді. Аудандық газетте әдеби қызметкер болып істейді. Ол 1962 жылы Алматыға қоныс аударып, әдеби ортаға етене араласа бастайды. Алматы Шет тілдері институтының неміс тілі, Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультеттерінде оқып және Мәскеудегі М. Горький атындағы әлем әдебиеті институтында білім алады. Мұнан соң «Социалистік Қазақстан», «Мәдениет және тұрмыс», «Жұлдыз» журналдарының редакциясында қызмет атқарады.

2. Тақырып. Тақырып дегеніміз – бұл өнер туындысының іргетасы. Бұл – шығарма. **Әдеби шығарма дегеніміз** – белгілі дәуірдегі қоғамдық шындықтың сәулесі. Бұл өлеңнің тақырыбы –

Бейнефильм көрсету.

https://www.youtube.com/watch?v=jXfKlADn9lo&ab_channel=KarSan

https://www.youtube.com/watch?v=1i171BXC0yE&ab_channel=%D0%A2%D0%

Асыл әжем.

Жоспар:

1. Әже-отбасының ұйытқысы
2. Әже тәрбиесі
3. Әжемнің ертегілері

АСЫЛ ӘЖЕМ

Әжелеріміз – тәлім – тәрбиенің бастауы, бізге үлгі – өнеге көрсетер асыл жандар, қазыналы бұлақтың қайнар көзі ғой. Жанұяда бала тәрбиелеуде алатын орны ерекше – осы мейірімді әжелеріміз. Қазақ отбасындағы әже орны ерекше әрі қадірлі. Әже – отбасының ғана емес, әулеттің де ұйытқысы, ағайын-абысындардың бірлігін, татулығын сақтайтын сыйлы анасы, кейінгі жастардың, келіндердің тәрбиешісі әрі ақылгөйі. Шоқан Уәлихановтың Айғаным әжесі, Абай

атамыздың Зере, Мұхтар Әуезовтың Дінасыл әжелері қазыналы бұлақтың көзі болған әжелер.

Мен өзім бірінші сыныпқа дейін әжемнің тәрбиесінде болғанмын. Тұңғыш немере атасы мен әжесіне бауырына салынатын салт – дәстүр бар ғой, міне, сол дәстүр бойынша ата-анам мені атам мен әжемнің тәрбиесіне беріпті. Үлкен кісілер айтып жатады ғой, әжесінің тәрбиесін көрген бала жаман болмайды деп. Өз басым, бұл өте жақсы дәстүр деп есептеймін. Қарт кісілер таусылмас қазына ғой, жас ұрпақтың ол кісілерден үйренері мол. Демалыс уақытында ауылға ұзақ уақыт бойы бармай қалсақ, әжемнің ыстық бауырсақтары мен «айналайын» деп маңдайымнан сипағанын сағынып отырамын. Үнемі ол кісілерге көмектесіп тұрамыз. Ал әжем болса әрдайым «Қолыңнан келген көмегіңді аяма» деп үйретіп отырады.

Ал әжемнің айтатын ертегілері мүлдем ерекше! Кішкене кезімнен күнде кешкісін "Ерте, ерте, ертеде, ешкі жүні бөртеде ..." деп жаңа ертегісін бастайды. Әжемді ерекше қатты жақсы көремін!



Ойтолғау

- Бақыт дегенде ойларыңа не келеді?

- Сурет бетіне түсіріп, қорғаңыз.

(А3 қағазының ортасынан сызып екіге бөледі. Бірінші бөлігіне сөздерді жазады, екінші бөлігіне сурет салады.)



Өлеңді мәнерлеп оқып, жаттап алыңыздар.

ҮШ БАҚЫТЫМ

Ең бірінші бақытым – Халқым менің,
Соған берем ойымның алтын кенін.
Ол бар болса, мен бармын, қор болмаймын,
Қымбатырақ алтыннан нарқым менің.

Ал екінші бақытым – Тілім менің,
Тас жүректі тіліммен тілімдедім.
Кей – кейде дүниеден түңілсем де,
Қасиетті тілімнен түңілмедім.

Бақытым бар үшінші – Отан деген,
Құдай деген кім десе, Отан дер ем!
... Оты сөнген жалғанда жан барсың ба?
Ойланбай – ақ кел дағы от ал менен.

Түтін түтет,
Өс, өрбі, көгере бер,
Немерелер көбейсін, шөберелер.
Жадыңда ұста :
Жақсылық күтпегейсің!
От емес, оқ сұрасаң менен егер!

Үш бірдей бақытым бар алақанда,
(Мені мұндай бақытты жаратар ма?!)
Үш күн нұрын төгеді аспанымнан,
Атырау, Алтай, Арқа, Алатауға!!!

Мұқағали Мақатаев

Түртіп алу

Алтын - бағалы, қымбат.

Кен - жер астынан қазылып алынатын пайдалы қазба, байлық.

Қайнар көзі - мол жері.

Нарық - заттың кесімді бағасы, құны.

Қадір - қасиет.

Оты сөнген - ісі ілгері баспаған, талабы кері кеткен.

От ал- жігер беру.

Жалғанда - жарық дүниеде, бұл өмірде, тіршілікте.



Өлеңді сатылай кешенді талдау. (1-2-3 сатысы)

1. Авторы ...

2. Тақырып. *Тақырып дегеніміз* – бұл өнер туындысының іргетасы. Бұл – шығарма. *Әдеби шығарма дегеніміз* – белгілі дәуірдегі қоғамдық шындықтың сәулесі. Бұл өлеңнің тақырыбы – ...

3. Жанр түрі – поэзия (өлең). *Өлең дегеніміз* – белгілі бір өлшеммен қиыннан қиыстырып, үйлесімді ырғақпен ұйқасып келетін өрнекті сөз жүйесі.



Сіз үшін бақыт нешеу?

Ең бірінші бақытым -....

Одан кейінгі бақытым -

Бақыттардың бақыты -....



Өлеңді түсініп оқып, өз сөздеріңізбен баяндаңыздар.



Бақыт деген – өмірге есік ашқаның,
Шырылдап жатып бауырында ананың,
Ақ сүттің дәмін еміреніп татқаның.
Бақыт деген – өмірге мынау келгенің,
Періште, пәк көңіліңмен әрқашан,
Қол-аяқ бүтін, аман-есен жүргенің.
Бақыт деген – азаматы боп еліңнің,
Зәулім үй, қымбат тұлпар, мол байлықсыз,
Адал іс, адал еңбек жасағаның.
Бақыт деген – таптырмас денсаулығың,
Қадірін ерте біліп әр мүшеңнің,
Ертелі-кеш төсекте жатпағаның.
Бақыт деген – өзіңе адалдығың,
Бір Алла жаратқан соң дәл осылай,
Өмір бойғы адалдықты сақтағаның.
Бақыт деген – шын көңілмен күлгенің,
Көңілге ерік, қуаныш сыйлай тұрып,
Шын бақытты екеніңді сезінгенің.

Аманкуль Қайназар



«Бақыт дегеніміз не?» тақырыбына ой толғау жазыңыздар.



Кел, ойнайық!

Ойын шарты: Балалар тақтада көрсетілген жапыраққа қарап, ағаштардың суретін тауып құрастырады.



Қарағай



Аққайың



Емен



Терек



– Жарайсындар балалар, енді кім маған ағаштарға байланысты мақал айтып береді?

Мақал-мәтел:

1. Ағаш көркі – жапырақ,
Адам көркі – шүберек.
2. Әке – бәйтерек,
Бала – жапырақ.





Өлеңді түсініп оқып, жаттап алыңыздар.

ЖАЛҒЫЗ ТЕРЕК

Жас терексің жапырақ жая алмаған,
Біз — жолаушы саянда аялдаған.
Біз кетеміз, қаласың, тұлдыр терек,
Салқын бола алмады саяң жаман.

Сая бола алмайсын мына бізге,
Неге ғана біткенсің құла дүзге?!
Тірі болсақ, соғармыз өскенінде,
Біздің жақтан, әйтеуір, құлақ үзбе.

Біз кетеміз, бұл жерде сен қаласың,
Иемденіп қазақтың иен даласын.
Киелі ағаш, мүмкін, сен атанарсың,
Саялатып үш жүздің бел баласын.

...Жас терек,
Жалғыз терек жапандағы,
Жайқал, өс, киелі ағаш атан-дағы.

Мұқағали Мақатаев

«Бір сөйлем» әдісі

Оқушылар өлең мазмұны бойынша түсінгендерін бір сөйлеммен жазады.



Өлеңді сатылай кешенді талдау. (1-2-3 сатысы)

1. Авторы

2. Тақырып. Тақырып дегеніміз – бұл өнер туындысының іргетасы. Бұл – шығарма. **Әдеби шығарма дегеніміз** – белгілі дәуірдегі қоғамдық шындықтың сәулесі. Бұл өлеңнің тақырыбы –

3. Жанр түрі – поэзия (өлең). Өлең дегеніміз – белгілі бір өлшеммен қиыннан қиыстырып, үйлесімді ырғақпен ұйқасып келетін өрнекті сөз жүйесі.



«Сен білесің бе?»

Терек Қазақстанның барлық аймағында кездеседі. Өзен жайылмасында, далалық жерлерде, тау етегінде, бұта арасында өсетін 15 түрі (ақ терек, көктерек, қара терек, бәйтерек, тораңғы, т.б.) бар. Бұтақ шоғыры пирамида пішіндес. Жапырағы жалпақ, сағақты келген, ромбыға не қандауырға ұқсайды. Гүлі қос үйлі, гүл сырғасы (ұзындығы 3 – 15 см), салбырап ілініп тұрады, онда аталығы не аналығы ғана болады, жел арқылы тозаңданады. Негізінен, жапырағы шыққанша гүлдейді. Тұқымынан және атпа тамырынан, шыбығынан көбейтіледі.

Гүлінде шырынды дискісі (тор) болады. 150 жылдай тіршілік етеді. Жемісі – қорапша, тұқымы ұсақ. Терек әсемдік өсімдік ретінде өсіріледі. Қазақстанда берікқара терегі мен тораңғы – өте сирек кездесетін өсімдіктер қорғауға алынып, Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген.

Терек – тез өсетін ағаш, биіктігі 45 метрге дейін барады. Көбінесе 60 – 80 жыл, тек кейбір түрлері 120 – 150 жыл өмір сүреді. Табиғатта 110 – ға жуық түрі бар. Ерте көктемде жапырағы шықпай тұрып, сырға секілді ақ гүл жарады. Жапырағы – жұмыртқа пішіндес, жиектері аратісті.

Терек ағашын құрылыста, жиһаз жасауда пайдаланады. Қағаз, сіріңке жасау өндірісінде терек ағашының діңі жұмсақтау, ақшыл түсті түрлері қолданылады. Көгалдандыруда көше бойларына, жол жиектеріне көбірек отырғызылады. Оны тез өсетіндігіне байланысты тұрмыстық мақсатта, отын үшін өсіреді.

Құнарлы топырақта, күн көзінде жақсы өседі. Жазда аптасына бір рет мол суғару керек. Көктем, күз мезгілдерінде көңмен қоректендірген жөн. Күз кезінде қалемшелеу жолымен оңай көбейтіледі.



Өлеңді түсініп оқып, өз сөздеріңізбен баяндаңыздар.

ТЕРЕК

Теректер биік өседі,
Алатұғындай Ай ұстап.
Діңдері жұмсақ бірақ та
Сондықтан аздап майысқақ.
Жел соққанда ән айтар
Жапырақтары “дауыстап”.
Дауыл тұрса тербеліп
Теректің белі қайыспақ.



«Жалғыз ағаш орман болмас» тақырыбында эссе жаз.



«Суреттер галереясы» әдісі

Интерактивті тақтадан құстардың суреті көрсетіледі. Оқушылар суреттерге қарап қандай құс екенін анықтап, құстар туралы білетіндерін ортаға салады. «Киелі құс» атанған құсты анықтайды.



- Суретте қандай құс бейнеленген?
- Ол туралы не айта аласыздар?





Өлеңді түсініп оқып, жаттап алыңыздар.

АҚҚУ ДЕГЕН

Жанымды үңгіп жанарың жеп барады,
Неге сонша телміріп көп қарадың? !
Дөп қарасам мен саған өртенерсің,
Өртенерсің, қарама, кет, қарағым!

Аққуды атар мергенің мен емеспін,
Ажал оғын алған жоқ менен ешкім.
Айдын көлдің аққуын арашалап,
Аттан салып, талаймен төбелестім.

Тауы-құмға, айналған жаны-мұңға,
Қорғаушыңды, аққуым, таныдың ба?
Неге сонша телміріп көп қарадың,
Мия тұтып, мұң шағып, жалыну ма?
Пана таппай жалғанның жарығында.

Неге?
Неге қарайсың соншама ерек?
Айырмамыз, арамыз сонша бөлек.
Аққу деген - адал құс, айналайын,
Айдынына аман-сау қонса керек...



Көп нүктенің орнына керекті сөздерді тауып жаз және жалғастыр.

(Өрі қарай өздері жалғастырып жазады.)

1. Аққу – қазсыз жетім,
Тыңдалмаған жетім.
2. Аққуды
Досыңды



«Аққу – киелі құс» тақырыбында эссе жазыңыз. Аққу туралы қызықты ақпараттар жинақтаңыз.



Өлеңді сатылай кешенді талдау. (1-2-3-4 сатысы)

1. Авторы

2. Тақырып. Тақырып дегеніміз – бұл өнер туындысының іргетасы. Бұл – шығарма. **Әдеби шығарма дегеніміз** – белгілі дәуірдегі қоғамдық шындықтың сәулесі. Бұл өлеңнің тақырыбы –

3. Жанр түрі – поэзия (өлең). *Өлең дегеніміз* – белгілі бір өлшеммен қиыннан қиыстырып, үйлесімді ырғақпен ұйқасып келетін өрнекті сөз жүйесі.

4.Идеясы – автор тақырып арқылы шындық өмір көріністерін суреттегенде,оны өз көзқарасы, өз дүниетанымы тұрғысынан бейнелейді. Сол арқылы өз мақсат-мүддесін, арманын білдіреді. Бұл өлеңнің идеясы –



Мәтінді түсініп оқып, өз сөздеріңізбен баяндаңыздар.

АҚҚУ

Аққу – жыл құсы. Қыс жылы кезде аққудың біраз тобы Каспий теңізінің солтүстік-шығыс жағалауында – Ақтау қаласының маңында қыстап шығады.

Аққуды қазақ халқы ежелден қастерлеп, бақыттың бастамасы, жақсылықтың жаршысы, пәктіктің, сұлулықтың белгісі деп есептейді әрі киелі құс төресі санап, оған ешуақытта оқ атпайды. Аққудың аталығын «сапар», балапанын «көгілдір», мойнын «сұңғақ» деп дәріптейді.

Аққулар ұзақ өмір сүретін, өте әдемі, көптеген ақын-жазушылардың шығармасыны арқау болған құстар. Олар сонымен қатар, ұша алатын үлкен құстар қатарына да жатады. Аққудың түсі ақ, салмағы 12 – 13 килограмға дейін жететін ірі құс. Қазақ халқы тазалық пен сұлулықтың символы ретінде қарайтын аққу өзінің ұясын кез келген көлдерге сала бермейді. Ол ұя салуға ну қамысты, суы таза әрі тұщы ірі көлдерді таңдап алады және ол маңда адамның болуын ұната бермейді. Сондықтан да халқымыз оның кез келген батпақты шалшық көлде кездесе бермейтін аса талғампаз, тәкәппар қанатты екендігін қадірлейді.

Туып өскен жеріне наурыздың аяғы – сәуірдің басында қайтып оралған аққулар Қазақстан суларынан өздеріне азық, жауларынан және ауа – райының қалайсыз жағдайынан қорғанатын баспана табады. Көл жағасында жайқала өскен қамыс-құрақ арасына олар өздерінің ұяларын салады. Ұясын көбінесе қамыстан салады. Оның диаметрі 120 – 150 см болады. Бұл құстың бір-біріне сүйіспеншілігі сонша, егер түрлі себептен біреуі өлсе, екіншісі бұл қайғыға шыдап тұра алмайды екен.

Аққулар 3 – 7 жұмыртқа салады, оны енесі 35 – 40 күн басып, балапан өргізеді. Шілде – тамыз айларында мамырлайды. Күзде жылы жаққа кетер алдында 7 – 10–нан топтасады. Аққулар су өсімдіктерінің жапырықтары мен тамырларын қорек етеді.

Аққудың көркі, мінез-қылығындағы ерекшеліктер сонау дәуірден бері халықты таңдандырып келеді. Оның су бетінде маңғаздана жүзгені, ұшқанда қанатын қағып көтерілуі, табиғаттың берген әсем бір құбылысы емес пе! Тіпті, қазақ халқы адам бойындағы жақсы қасиеттерді осы құсқа балайды ғой. Мәселен, «аққуымсың көлдегі, асылымсың елдегі» деп ән шырқауда да адамды аққуға теңеп, оны әсемдіктің, сұлулықтың символы ретінде бағалап отырғаны емес пе?



«Бір минуттық әңгіме» тәсілін қолдана отырып, «Мен көлден аққу көрдім.....» деп бастап өз сөзімен аққу туралы әңгіме жазу ұсынылады. Жазған әңгімесін 1 минутта оқып бітуі керек.



Мақалдарды оқып, мазмұнын түсіндіріп беріңіз.

1. Туған жердің қадірін, шетте жүрсең білерсің.
2. Туған жерге туың тік.
3. Туған жердің күні де ыстық, түні де ыстық.
4. Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас.
5. Туған жердің ауасы да шипа.

Бейнефильм көрсету.

«Қазақстан туралы 19 қызықты фактілер» бейнебаян көрсетіледі.
(<https://yandex.kz/video/preview/?filmId>)

Бейнебаян желісі бойынша оқушыларға «*Кім жылдам?*» ойыны ойнатылады.

- Бейнефильм не туралы?
- Бүгінгі сабақтың тақырыбы қандай деп ойлайсыңдар?
- Қазақстанның жері қандай?
- Қазақстан қандай мемлекет?
- Қазақстан мен Ресейдің шекарасы неше километр?
- Гиннес кітабына кірген мұржа?
- Неше елге астық экспорттайды?
- Қазақстан несімен бай?



Өлеңді түсініп оқып, жаттап алыңыздар.

ТУҒАН ЖЕРГЕ

Таныс өлке,
Таныс аймақ,
Таныс маң:
Анау жерде – құрбылармен алысқам,
Анау жерде – құрбы жанмен табысқам.
Алба-жұлба ақша бұлттар жарысқан,
Таулар әне, ұйықтап кеткен данышпан,
Жолдар анау, шұбатылып шаңы ұшқан,
Таныс өлке, таныс аймақ, таныс маң.
Шабындықтар,
Егістіктер,
Тоғайлар.
Төбелердің төбесінде – көк айдар.
Ақ сағыммен араласып, аулаққа,
Сағым болып бара жатыр көп ойлар.

Бір тынбайды шегірткенің шырылы,
Жел қозғаған ақ шилердің сыбыры,
Бәрі таныс – кісінеген құлыны
Ін аузында шаңқылдаған суыры.
Айналайын!
Атамекен, Ақ мекен!
Қандай қазақ іздеп сені тапты екен?!
Туған өлке тәтті екен ғой,
Тәтті екен!

Мұқағали Мақатаев

«Еркін жазу» . Сен өз туған жерің жайлы не айтар едің, өз ойыңды жаз.

1. Уақыт беріледі, оқушылар берілген тақырып бойынша еркін жазады.
2. Әр оқушы өз ойын ортаға салып, бөліседі.
3. Барлық оқушының келісуімен ең дұрыс деген ой таңдалып алынады.

Туған жердің өзің мақтан ететін ғажап жерлерінің суретін салу.

«Кір жайғыш жіп» әдісі арқылы өздері әкелген туған жердің өзің мақтан ететін ғажап жерлерінің суретін таныстыра отырып, іледі.

Саралау: тапсырма бойынша саралау жүргізіледі. Тапсырма барлық оқушыларға ұсынылады, бірақ әртүрлі нәтижелер күтіледі. Қарасөзбен өз ойын жеткізуде кейбір топтарға мұғалім қолдау көрсетеді.



Өлеңді сатылай кешенді талдау. (1-2-3-4 сатысы)

1.Авторы

2. Тақырып. Тақырып дегеніміз – бұл өнер туындысының іргетасы. Бұл – шығарма. **Әдеби шығарма дегеніміз** – белгілі дәуірдегі қоғамдық шындықтың сәулесі. Бұл өлеңнің тақырыбы –

3. Жанр түрі – поэзия (өлең). Өлең дегеніміз – белгілі бір өлшеммен қиыннан қиыстырып, үйлесімді ырғақпен ұйқасып келетін өрнекті сөз жүйесі.

4.Идеясы – автор тақырып арқылы шындық өмір көріністерін суреттегенде,оны өз көзқарасы, өз дүниетанымы тұрғысынан бейнелейді. Сол арқылы өз мақсат-мүддесін, арманын білдіреді. Бұл өлеңнің идеясы –



Өлеңді түсініп оқып, өз сөздеріңізбен баяндаңыздар.

ТУҒАН ЖЕР

Бұл жарыққа аяқ басып туған жер,
Кіндік кесіп, кірім сенде жуған жер.
Жастық – алтын, қайтып келмес күнімде
Ойын ойнап, шыбын-шіркей қуған жер.
Жаратылдым топырағыңнан, сен – түбім.
Жалғаны жоқ, бәрі сенен жан – тәнім.

Сенен басқа жерде маған қараңғы,
Жарық болар Шолпан, Айым, сен – Күнім.
Тәтті суың дәмі аузымнан еш кетпес,
Қалың нуың, қыр, суыңа жер жетпес.
Кең даланда ойын ойнап қалсамшы,
Жазу болып адамзатқа ер жетпес!..
Балақ түріп, қозы қуып, жарысып,,
Батпағыңда тең құрбымен алысып.
Түнде – ақсүйек, алтыбақан, ал күндіз
Үйретем деп асау тайға жабысып.
«Адам басы – алла добы» деген рас,
Қалай қуса, солай кетпек сорлы бас.
Кім біледі, мен де шетке кетермін,
Туған жерім, сені тастап басым жас.

Мағжан Жұмабаев



- Өлең мазмұнынан не түсіндіңіз?
- Өлеңнің негізгі идеясын табыңыз.



Шығармашылық жұмыс: «Бір сөйлем» әдісі

Сөйлемдерді аяқта.

1. Мен туған жерімді сүйемін, өйткені....
2. Менің туған жерім мен үшін қымбат, өйткені....
- 3.
- 4.



Өлеңдегі сандардың орнына сөзбен жауап беріңіз.

1-бір

Же1 екен 1қазан
Кел, жемді же 1қазан.
1-ақ сәтте қойды жеп,
Кү1 етті:
«Тойдым»,- деп.
Естіп 1 кез дү1ді,
Жағадағы тү1ді,
Паналады жүгірді.

2-екі

Баласына ж2ріп,
Ұрсып жатыр к2лік.
-2леніп, с2ріп,
Алып қапсың «2лік».
2ншіде «2нді»
Көрсетпе! -деп ж2ді.

«Тірек белгілер»

Суреттер бойынша ақынның өлеңінің атауын табу.



Оқушыларға бейнефильм көрсету. М. Мақатаевтың өз даусымен оқыған өлеңі. (interesnoe.me/source-31643537/post-5752449)



Өлеңді түсініп оқып, жаттап алыңыздар.

ҚАЗДАР ҚАЙТЫП БАРАДЫ МЕКЕНІНЕ

(Қанаты бар мақұлық кетеді де).
Қаз-қаз басып, қалтырап қария тұр
Дәрмені жоқ таяғын көтеруге.
Қарашаның қалықтап желіменен,
Қаздар кетті қоштасып көліменен,
Қайтқан құстың қария қанатына
Қарайды көзін сүртіп жеңіменен.
Қаздар қайтып барады тізбектеліп,
Іздеп кетті көктемді, іздеп келіп.
Қарашада қалтырап қария тұр
Тағы да бір сұп-сұрғылт күзді өткеріп.
Қаздар кетті, құлақта үні қалды,
Жазды әкетті.
Әкетті тұнық әнді,
Қайтқан құстан қара үзіп қалса-дағы,
Қалтылдаған қария, тұрып алды.
Қарашаның ұлыса желі гулеп,
Түсіне бер қаңтардың желігі деп.
...Қисайып бара жатқан қарияны
Сүйей берді баласы, келіні кеп...

Мұқағали Мақатаев

«Қаздар қайтып барады мекеніне» әнін тыңдату.

Т.Молдағалиев.,Т.Базарбаев

https://www.youtube.com/watch?v=vqm10OT3V7E&ab_channel=nurzhanNurzhan



Өлеңді сатылай кешенді талдау. (1-2-3-4-5 сатысы)

1.Авторы

2. Тақырып. Тақырып дегеніміз – бұл өнер туындысының іргетасы. Бұл – шығарма. **Әдеби шығарма дегеніміз** – белгілі дәуірдегі қоғамдық шындықтың сәулесі. Бұл өлеңнің тақырыбы –

3. Жанр түрі – поэзия (өлең). Өлең дегеніміз – белгілі бір өлшеммен қиыннан қиыстырып, үйлесімді ырғақпен ұйқасып келетін өрнекті сөз жүйесі.

4.Идеясы – автор тақырып арқылы шындық өмір көріністерін суреттегенде,оны өз көзқарасы, өз дүниетанымы тұрғысынан бейнелейді. Сол арқылы өз мақсат-мүддесін, арманын білдіреді. Бұл өлеңнің идеясы –

Сен білесің бе? ҚАЗ МАЙЫ БРОНХИТКЕ ӨТЕ ПАЙДАЛЫ

Менің нағашы атам суықтап ауырып, мазасы қашса, ол өзін маймен емдейтін. Соның ішінде қаздың майы емге пайдалы дейтін атам. Әрине, қаз майы екінің бірінің үйінен табыла бермеуі де мүмкін. Атамның сол емдерінің бірнешеуін қағазға түсіріп, өздеріңізге жолдауды жөн көрдім. Қажеті болып жатса, пайдаланып көрерсіздер.

Бронхит, пневмониямен ауырғандарға қаздың майы өте жақсы жәрдемдеседі. Қаздың майлы етінен сорпа жасап, оны жылыдай, тамақ арасында күніне үш - төрт мәрте, бір стаканнан аздап ұрттап ішу керек. Сонымен бірге тағы бір стаканға ыстық сүт құйып, оған 1 ас қасық қаздың майын ерітіп ішуге болады. Балаларға қаздың майының 1 шай қасығын қосса да жеткілікті. Сонымен қатар қолыңыз жарылып кеткенде қаздың майын күнделікті жағып жүрсеңіз де тез жазылады.

Қаз майының күйікті тез жазатынынан көпшілік хабардар. Бірде менің інім қайнап тұрған сүтке аяғы күйіп қалған еді. Соған анам қаздың майын 5 - 6 күндей жақты, кешкісін жаңадан жағып тұрды. Осыдан кейін інімнің аяғы жазылып кетті. Міне қаздың емдік қасиеті.
(Дерек көздерінен жинақтаған - «Халық емі – Целительство».)



– Мына бір әдемі дыбыстарды тыңдап көрейікші. Ненің дыбыстарын естідіндер?

– Ал онда көктем де келген екен. Кәне, бір ойын ойнап жіберейікші.

Бастаушы: Күн, Күн, сен неге күлімдейсің?

Балалар: Көктем келді.(күлімдейді)

– Жаңбыр, жаңбыр, сен неге сыртылдайсың? (Жауынның жауған даусын салып партаны сытырлатады)

– Көктем келді.

– Құстар,құстар,сендер неге сайрайсыңдар?

– Көктем келді.(шиқ-шиқ)

Ендеше: бір-біріне: «Досым,бізде күлімдейікші», – деңдерші.

– Сендерге ойын ұнады ма?

– Көктем мезгілі неше айдан тұрады?

– Өзен, көлдердегі мұз еритін уақыт – наурыз.



– Құстар ұя салып, балапан басатын уақыт – сәуір

– Ең тамаша ай – мамыр. Өте жылы кез.

Ал енді суретке қарап, ойларымызды айтайық.

Ойтолғау

Берілген суреттер бойынша мазмұнының қысқаша әңгімелеңіздер.



Өлеңді түсініп оқып, жаттап алыңыздар.

КӨКТЕМ ДЕ КЕЛЕР

Көп кешікпей көктем де келер енді,

Көгерегін тіршілік көгереді.

Қу бұтағы арса-арса кәрі еменге,

Келер көктем, білмеймін, не береді?

Көп кешікпей көктем де келер енді,

Көгереді ауылдың төңірегі.

Ерте кеткен досымның қабірі тұр,

Келер көктем, білмеймін, не береді?

Көп кешікпей көктем де келер енді,

Барлық нұрын көл-көсір төгер енді.

Сағынышын сарыққан, жапа-жалғыз,

Менің жесір жеңгеме не береді?
Көгереді ..
Барлығы көгереді:
Ой да, қыр да, даланың төбелері.
Әлі құрып баратқан ауру досқа,
Осы көктем, білмеймін, не береді?
Көп кешікпей көктем де келіп қалар,
Есінетіп, есіртіп, ерікті алар.
Азан-қазан аспанның қоңырауы,
Жақсылықтан тұрса игі беріп хабар...

Мұқағали Мақатаев



Өлеңді сатылай кешенді талдау. (1-2-3-4 сатысы)

1.Авторы

2. Тақырып. Тақырып дегеніміз – бұл өнер туындысының іргетасы. Бұл – шығарма. **Әдеби шығарма дегеніміз** – белгілі дәуірдегі қоғамдық шындықтың сәулесі. Бұл өлеңнің тақырыбы –

3. Жанр түрі – поэзия (өлең) . Өлең дегеніміз – белгілі бір өлшеммен қиыннан қиыстырып, үйлесімді ырғақпен ұйқасып келетін өрнекті сөз жүйесі.

4.Идеясы – автор тақырып арқылы шындық өмір көріністерін суреттегенде,оны өз көзқарасы, өз дүниетанымы тұрғысынан бейнелейді. Сол арқылы өз мақсат-мүддесін, арманын білдіреді. Бұл өлеңнің идеясы –

«**Көктем**» сөзіне сөзжұмбақ құрастырыңыздар.

«**Көктем**» тақырыбына әңгіме құраңыздар.



Шеше сөзіне «*Бес жолды өлең*» құрастырыңыздар.

1. Тақырыпқа қатысы – бір зат есім. (кім? не?)
2. Бірінші зат есімге екі сын есім. (қандай?)
3. Бірінші зат есімге қатысты үш етістік. (не істеді? не істейді?)
4. Бірінші зат есімді суреттеп толықтыратын төрт кілт сөз.
5. Тақырыпты сипаттайтын бір синоним немесе метафора (зат есім)



Өлеңді түсініп оқып, жаттап алыңыздар.

ШЕШЕ, СЕН БАҚЫТТЫСЫҢ

Шеше,
Сен бақыттысың!
Жыламағын.
Жай түсіп жатқанда да құламадың.
Тәңіріңнен мен едім ғой сұрағаның,
Сондықтан жыламағын, жыламағын!
Бармын ғой,
Тірімін ғой,
Қасыңдамын.
Өлмеймін, мен өзіндей асылданмын!
Таусылып, өз-өзіңнен шашылмағын,
Байырғы берекенді қашырмағын!
Мен сенің қанықпын ғой көз жасыңа,
Өзім кепіл тот басып тозбасыма.
Екі жыр жазсам саған бірін арнап,
«Шеше» деп жаздым ылғи сөз басына.
(Тәңірім кеше көрсін кесірімді.)
Аспанға жазам сенің есіміңді!!!
Шеше!
Сен бақыттысың, тербете бер,
Құба талдай иілген бесігімді...

Мұқағали Мақатаев



Өлеңді сатылай кешенді талдау. (1-2-3-4-5 сатысы)

1. **Авторы ...**

2. **Тақырып. Тақырып дегеніміз** – бұл өнер туындысының іргетасы. Бұл – шығарма. **Әдеби шығарма дегеніміз** – белгілі дәуірдегі қоғамдық шындықтың сәулесі. Бұл өлеңнің тақырыбы – ...

3. **Жанр түрі – поэзия (өлең)**. **Өлең дегеніміз** – белгілі бір өлшеммен қиыннан қиыстырып, үйлесімді ырғақпен ұйқасып келетін өрнекті сөз жүйесі.

4. **Идеясы** – автор тақырып арқылы шындық өмір көріністерін суреттегенде, оны өз көзқарасы, өз дүниетанымы тұрғысынан бейнелейді. Сол арқылы өз мақсат-мүддесін, арманын білдіреді. Бұл өлеңнің идеясы – ...

5. **Шумақ. Шумақ** дегеніміз аяқталған синтаксистік біртұтас ойды білдіреді. Бұл өлең – 1 шумақты.



"Ана бір қолымен әлемді, бір қолымен бесікті тербетеді" деген сөз бекер айтылмаса керек. Дүйім дүниенің, жалпақ жалғанның бар асылын, бар ғаламатын сыйласақ та, ана алдындағы қарызымыз өтелмес. Қиналғанда, қуанғанда есімізге ең алдымен абзал ана түседі. Анадан туған ақындар "Қай жерде мейлі қай елде, әлемнің күші әйелде" деп жырлаған.

Бәрі де, Ана,
Бір өзіңнен басталды.
Сен деп жаздым алғаш өлең дастанды.
Қуандым ба,
Өзің бар деп қуандым.
Жыладым ба,
Өзің жоқ деп жас тамды.
Бәрі де, Ана,
Бір өзіңнен басталды.
Жанарыңнан көрдім алғаш аспанды.
Еркелесем, бір өзіңе еркелеп,

Жасқандым ба,
Тек өзіңнен жасқандым.
Алғашқы дәм, ол да сендік сүт еді,
Ақ сүт берген қашанда үміт күтеді,
Отанымның өзі сенен басталып.
Жауларыма жеткен жерден бітеді

Қадыр Мырза-Әли





*Әкенің қамқорлығы таудан биік,
Ананың махаббаты теңізден терең!..*



- Өсиет сөзден не түсіндіңіздер?
- Қысқаша әңгімелеп беріңіздер.



Өлеңді түсініп оқып, жаттап алыңыздар.

ӘКЕ

Әке емеспе бұл өмірдің бар мәні!!
Адам болсын менің мына балам дер,
Осы емеспе барлық Әке арманы.
Қалай адам қыламын деп баламды,
Уайыммен атар кей бір таңдары.
Баласының қабағына қарайды,
Атса екен деп қуанышпен нұр таңы.
Әкесінің қамын жейді құрметтеп,
Ұлтшыл демек рухы биік ұрпағы.





Өлеңді түсініп оқып, жаттап алыңыздар.

ӘКЕ

Әке, сенің жасыңнан асып барам.
Кезі-кезі келгенде тасып та алам,
Кезі-кезі келгенде жасып қалам,
Мына өмірге, бәрібір, ғашық балаң.
Құры алақан емеспін қуаныштан,
Қуаныштар алдымда құрақ ұшқан.
Бір арыстан өмірден өткенімен,
Өмір сүріп келеді тірі арыстан.
Өкінбе, әке, отың бар сөнбейтұғын,
Ол мәңгілік жанады көрмей тыным.
Ұрпағың бар, ел менен ер намысын,
Тірі тұрса, қолынан бермейтұғын.

Мұқағали Мақатаев



Өлеңді сатылай кешенді талдау. (1-2-3-4-5 сатысы)

1. Авторы

2. Тақырып. Тақырып дегеніміз – бұл өнер туындысының іргетасы. Бұл – шығарма. **Әдеби шығарма дегеніміз** – белгілі дәуірдегі қоғамдық шындықтың сәулесі. Бұл өлеңнің тақырыбы –

3. Жанр түрі – поэзия (өлең) . Өлең дегеніміз – белгілі бір өлшеммен қиыннан қиыстырып, үйлесімді ырғақпен ұйқасып келетін өрнекті сөз жүйесі.

4.Идеясы – автор тақырып арқылы шындық өмір көріністерін суреттегенде, оны өз көзқарасы, өз дүниетанымы тұрғысынан бейнелейді. Сол арқылы өз мақсат-мүддесін, арманын білдіреді. Бұл өлеңнің идеясы –

5. Шумақ. Шумақ дегеніміз аяқталған синтаксистік біртұтас ойды білдіреді. Бұл өлең – 1 шумақты.

Әке туралы мақал-мәтелдерді оқып, ой толғау жасаңыздар.

Әкені көріп ұл өсер,
Шешені көріп қыз өсер.

Жақсы әке жаман балаға,
Қырық жыл азық.

Әкеге баланың алалығы жоқ.

Әкеден — ақыл,
Анадан — мейір.

«Менің әкем» әнін тыңдау.

<https://www.youtube.com/watch?v=rGNL6NkJJvk>



Сізсіз әке – ең ақылды, ең шыншыл,

Сізсіз әке – ең жақыным, ең сыршыл.

Шуақ шашқан қашанда асыл жүрегің,

Жанымдасың, қамқорымсың білемін.

Қабыл алғын бала – жүрек тілегін.

Әр отбасында әкенің орны ерекше. Әке – отбасының асыраушысы, отбасы мүшелерінің тірегі, қамқоршысы. Әкенің мінез – құлқы, өзгелермен қарым – қатынасы, өнері мен білімі өзіме үлгі, өнеге алатын, оған қарап өсетін нысанам. Отбасының береке, ынтымағы үшін әкемнің әділ, ұстамды болуы мен үшін орасан маңызға ие. Отбасымыздың ұйытқысы, берекесі, мейір - шапағат көзі – менің әкем.



– Мәтінді түсініп оқыңыздар.

– Өз әкеңіз туралы әңгімелеп беріңіздер.



Жұмбақты шешіңіздер.

Тырс - тырс тамады,
Сайға қарай ағады.

(...)



Сен білесің бе?

ЖАҢБЫР ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

Ақ жаңбыр – бірқалыпта толассыз ұзақ жауатын жаңбыр. **Боз жаңбыр** – жаңбырдың баяу, сілбілеп жауатын түрі. **Бұршақ** – мұз күйінде түсетін кішкене домалақ түйіршік, атмосфералық жауын-шашын. **Бұршақ жаңбыр** – атмосфералық су тамшыларының салқындықтан кішігірім бұршаққа айналып жаууы. **Қара жаңбыр** – бұлт қап-қара болып торлап келіп, толассыз ұзақ жауатын күзгі қалың жаңбыр. **Қар аралас жаңбыр** – алдымен жаңбыр болып жауып, күн суыта келе, арты қарға айналған жаңбыр. **Қарлы жаңбыр** – ерте көктемдегі және күздегі қар аралас жауын. **Мұзақ** – жаңбыр тамшыларының жерге мұз болып түсуі. **Нөсер** – 1. Қатты жауатын, өткінші жаңбыр; 2. Күшті, бірақ қысқа мерзімдік, дүлей желді жаңбыр. **Көк нөсер** – көктемде, жазда қатты жауатын өткінші жаңбыр. **Өткінші жаңбыр** – аспан күмбезі көшпелі ала бұлттанып, тез жауып өтетін жаңбыр. **Соқыр жауын** – күн көзі шығып тұрғанда жауатын ұсақ тамшылы өткінші

жаңбыр. **Сылбыр жаңбыр** – желсіз күнгі жай
жаңбыр. **Сіркіреме жаңбыр** – өте ұсақ тамшы түрінде
түсетін майда жауын.



Өлеңді түсініп оқып, жаттап алыңыздар.

ӨТКІНШІ ЖАҢБЫР

Өткінші жаңбыр өректі барып өткенде,
Үздік те создық тырнаның үні жеткенде,
Киіз үйлерге қараймын – дағы бөктерде,
Ырза боламын осы бір ырғын көктемге.
Тау бастарына тамаша бұлттар шөккенде,
Ұшырып бұлтты ескек жел алып кеткенде,
Қараймын – дағы мұрты өсіп қалған көктерге,
Ырза боламын ырыс әкелер көктемге.
Лайсаң болсын, оқыстан кейде қар жаусын,
Абыр да сабыр шаруа қайта қамдансын,
Адамдар, мейлі, алдамшы күнге таңдансын,
Сонда да, көктем, сонда да маған армансың.
Көктемнің күні көңілім менің тәрізді,
Көктемнің аты – көктем ғой, досым, жаны
Бүрін жара алмай бусанып жатқан жусаннан
Шырылдап шығып, бозторғай әне ән үзді...
Апыр – ау, мынау аңсатып жеткен көктем бе?!
Аспан да, жер де, айнала тегіс көкпеңбек.
Толассыз сағым толықсып ағып барады,
Аймалап жерді, аймалап тауды бөктерлеп.

Мұқағали Мақатаев



Өлеңді сатылай кешенді талдау. (1-2-3-4-5 сатысы)

1. Авторы

2. Тақырып. Тақырып дегеніміз – бұл өнер туындысының іргетасы. Бұл – шығарма. **Әдеби шығарма дегеніміз** – белгілі дәуірдегі қоғамдық шындықтың сәулесі. Бұл өлеңнің тақырыбы –

3. Жанр түрі – поэзия (өлең) . Өлең дегеніміз – белгілі бір өлшеммен қиыннан қиыстырып, үйлесімді ырғақпен ұйқасып келетін өрнекті сөз жүйесі.

4.Идеясы – автор тақырып арқылы шындық өмір көріністерін суреттегенде,оны өз көзқарасы, өз дүниетанымы тұрғысынан бейнелейді. Сол арқылы өз мақсат-мүддесін, арманын білдіреді. Бұл өлеңнің идеясы –

5. Шумақ. Шумақ дегеніміз аяқталған синтаксистік біртұтас ойды білдіреді. Бұл өлең – шумақты.



Табиғат құбылысы жаңбырдың адамзат тіршілігі үшін қандай пайдасы бар? Ой толғау жазыңыз.





ЖАТЖАЗУ

Апырмай,
Туған жер-ай!
Теңдесер кім,
Бұл жерге сен болмасаң, келмес едім.
Кіндігімді байлаған қазығым-ай,
Сен болмасаң, бұл маңды көрмес едім.
Жат көзімен қарайды адамдарың,
Жақын тартар құрбы да таба алмадым.
Жас отаудың есігін ашып қалып,
Айлам құрып, қайыра жаба алмадым...
Кел демеді, немесе кет демеді,
Несін маған, білмеймін, өкпеледі?!
Сені сүйген жүректі, туған өлкем,
Сен өсірген біреулер жек көреді.
Туған елім,
Көрмесем сағынамын,
Кетсем ізім өзіңнен табылады.
Жасыра алмай, ініңнің отауынан,
Ыстық маған атаның шаңырағы.

Мұқағали Мақатаев

Сұрақ – жауап:

1. М. Мақатаев қандай ақын деп айта аласыздар?
2. Ақын өлеңдері қандай тақырыптарға жазылған?
3. Қандай киелі аң – құстарды білесіздер?
4. Олардың киелілігі неде ?



Әңгімені түсініп оқып, ойтолғау жасаңыздар.

Әдетте, өз-ара сыйлас, дос-жаран, көңіл жықпас адамдардың ой-көзқарастары, білім-парасаттары, мінез-қасиеттері деңгейлес, ұқсас болып келеді. Бір-біріне ықпалы тиіп отырады. Осы сәйкестіктері арқылы бірін сынай отырып, екіншісін танып-білуге болады деген мағынаны аңғартады.

Ертеде бір данышпан қария болыпты. Бір күні қартқа бір жігіт келіп:
— Ақсақал, осы мен қандай жігітпін, сынаңызшы, — депті.

Қарт әуелі жігіттің жолдасын шақыртып алып, әр түрлі істермен сынап, ақырында жігіттің өзін шақыртады. Жігіт келген соң:

— Шырағым, жаман жігіт көрінбейсің, адамшылдығың да, ақылың да мол екен, — депті.

— Қалайша олай дейсіз, мені сынап, байқап та көрген жоқсыз ғой? – десе, қарт күліп:

— «Жігітті жолдасына қарап бағала» демей ме халық, — деген екен.



- Қандай адамдар бір – бірімен дос бола алады?
- Әңгімеден қандай ой түйдіңіз?



Өлеңді түсініп оқып, жаттап алыңыздар.

ЖІГІТТЕР, МАҚТАНБАЛЫҚ

Бөрікті аспанға атып, аттан салып,
Жігіттер, мақтанбалық, мақтанбалық!
Қашаннан қазақ деген сырмінезді,
Мақтаусыз да, мақтансыз жатқан халық.
Сабырмен сабақ алып дәуірлерден,
Сабырын сары алтыннан тәуір көрген.
Қазаққа мақтансын деп жер бермеген,
Жерінің кеңдігіндей сабыр берген.
Иықтасып тұрсын деп елдерменен,
Қазаққа молшылықты кем бермеген,
Алайда, Ата – қазақ мақтануды,
Әлімсақтан бер қарай жөн көрмеген.

Дәулет шалқып, ырысы асқанында,
Қақысы бар қазақтың мақтануға.
Дарақы боп қазағым кетпесін деп,
Сабыры тұр, күзетіп арт жағында.
Іргелі қазақ болдық. Сақтар қалып,
Құс міндік темір қанат, аттар қалып,
Әйтсе де, мақтанбалық, мақтанбалық!..
Үлпілдеген, үрпиген үкім менің,
Жыл құстарын сағынып, күтудемін.
Көз алмай шұбатылған құс жолынан,
Бүкіл елім күтуде, бүкіл жерім.
Қырларым да күтуде, дөңдерім де,
Сағынады бізбенен көл де бірге.
Үкім менің, қарашы, жыл құстары
Келеді екен қайсы ендік белдеуінде.
Қараторғай, қарлығаш, тырналарым,
Қашан бізге әкелер жыл хабарын?
Қашан қонар зергерлер – аққу, қаздар
Әшекейлеп көлдерін, жылғаларын.
Қашан болар тоғайда ән сабағы,
Ән салады, қашан кеп жан салады?
Қашан мынау жайқалып емен, терек,
Жапырақтар жабыла қол соғады?
Айлар өтті қолыма қонғанына,
Еріксіздік басына орнады ма?!
Тұтқын болып отырмай тойда мына,
Ораласың сен қашан орманыңа?..

Мұқағали Мақатаев



Өлеңді сатылай кешенді талдау. (1-2-3-4-5- 6 сатысы)

1. Авторы

2. Тақырып. Тақырып дегеніміз – бұл өнер туындысының іргетасы. Бұл – шығарма. **Әдеби шығарма дегеніміз** – белгілі дәуірдегі қоғамдық шындықтың сәулесі. Бұл өлеңнің тақырыбы –

3. Жанр түрі – поэзия (өлең) . Өлең дегеніміз – белгілі бір өлшеммен қиыннан қиыстырып, үйлесімді ырғақпен ұйқасып келетін өрнекті сөз жүйесі.

4.Идеясы – автор тақырып арқылы шындық өмір көріністерін суреттегенде,оны өз көзқарасы, өз дүниетанымы тұрғысынан бейнелейді. Сол арқылы өз мақсат-мүддесін, арманын білдіреді. Бұл өлеңнің идеясы –

- 5. Шумақ. Шумақ** дегеніміз аяқталған синтаксистік біртұтас ойды білдіреді.
Бұл өлең – шумақты.
- 6. Тармақ . Тармақ** дегеніміз – өлеңнің әр жолы, 39 тармақты.



Мақал-мәтелдерді түсініп оқып, ойтолғау жасаңыздар.

Жігіт адамға жетпіс өнер де аз.

Жігіттің жақсылығын жұрты білер.

Жақсы жігіт
Досының қамын ойлайды.
Жаман жігіт
Басының қамын ойлайды.



*«Жігітті жолдасына қарап бағала» дегенді қалай түсінесіздер?
Қысқаша әңгіме құраңыздар.*



Қазақстан туралы ең қызықты мәліметтер

1. Қазақстан жерінде 130-дан астам ұлт өкілдері тұрады;
2. Қазақстан мен Ресей шекарасы – әлемдегі ең ұзын құрлықтық шекара (7 512,8 шақырым);
3. Қазақстан Республикасы жер көлемі жөнінен дүние жүзінде тоғызыншы, мұхитпен шектеспейтін елдердің арасында бірінші орынды алады;
4. Қазақстан – қызғалдақ пен алма отаны;
5. Жылқы алғаш рет Қазақстан аймағында қолға үйретілген;
6. Медеу – таудың ең биік бөктерінде орналасқан мұз айдыны;
7. Жердің алғашқы жасанды серігі (Спутник-1) мен бірінші ғарышкер адам Байқоңыр ғарыш айлағынан ұшты.
8. Байқоңыр – әлемдегі бірінші және ең үлкен ғарыш айлағы. Ол Қазақстан жерінде Төретам кентіне жақын ауданда табан тіреген. Көлемі 6717 шаршы шақырым.
9. Орыс тілінің «деньги» сөзі Қазақстан елінің қазіргі валютасы «теңге» сөзінен шыққан.
10. Ұлы Отан соғысы кезінде майданға жіберілетін әр оқтың үшіншісі осы қазақстандық қорғасын өндіретін шеберханаларда жасалған.



Өлеңді түсініп оқып, жаттап алыңыздар.

ҚАЗАҚСТАН

Жақсы аттанды демессің сүйем десем,
Табынатын тәңірім, ием де – сен.
Адам болып күн кешу қиын маған.
Арқа тұтып, өзіңе сүйенбесем.

Сен менің сүйегім мен қанымдасың,
Жанымдасың, ұятым, арымдасың.
Саған деген махаббат дамылдасын,
Тек сенің топырағыңды жамылғасын.

Өзіңше түсің де ерек, ісің де ерек,
(Сырым бар саған айтар ішімде көп.)
Қомағай көзімді бір тойдыра алмай,
Қорқамын бәрі осының түсім бе деп.

Қазақстан!
Пай, пай, пай!
Ардағым-ай!
Сен менің Шолпанымсың, жанған ұдай,
Өзіңде өмір сүрген қандай бақыт,
Өлмейтін махаббатым, арманым-ай!...



Өлеңді сатылай кешенді талдау. (1-2-3-4-5-6 сатысы)

1. Авторы ...

2. Тақырып. Тақырып дегеніміз – бұл өнер туындысының іргетасы. Бұл – шығарма. **Әдеби шығарма дегеніміз** – белгілі дәуірдегі қоғамдық шындықтың сәулесі. Бұл өлеңнің тақырыбы – ...

3. Жанр түрі – поэзия (өлең) . Өлең дегеніміз – белгілі бір өлшеммен қиыннан қиыстырып, үйлесімді ырғақпен ұйқасып келетін өрнекті сөз жүйесі.


4.Идеясы – автор тақырып арқылы шындық өмір көріністерін суреттегенде,оны өз көзқарасы, өз дүниетанымы тұрғысынан бейнелейді. Сол арқылы өз мақсат-мүддесін, арманын білдіреді. Бұл өлеңнің идеясы – ...

5. Шумақ. Шумақ дегеніміз аяқталған синтаксистік біртұтас ойды білдіреді. Бұл өлең – шумақты.

6. Тармақ . Тармақ дегеніміз – өлеңнің әр жолы, ... тармақты.



Сөзжұмбақ «Қазақстан қалалары»



1. Каспий теңізінің жағасында орналасқан портты қала.
2. Түркі қағанаттары кезінде сауда орталығы болған, 1854 жылы Верный бекінісі болып қайта құрылған қала.
3. Сырдария өзенінің бойындағы қала.
4. Шахтерлар қаласы.
5. Батыс аймақтың бас қаласы.

6. V-VI ғасырларда іргетасы қаланып, XIY-XVIII ғасырларда Қазақ хандығының астанасы болған, қасиетті, киелі мекен. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі бар қала.
7. Жамбыл облысының орталығы.
8. Батыс Қазақстан облысының орталығы, Қазақстанның көне қаласы.
9. Қазақстанның солтүстік – батысындағы ең ірі егін және мал шаруашылығымен айналысатын аймақ.



Ребус шешейік.



А



”

З



Өлеңді түсініп оқып, жаттап алыңыздар.

ҚАЙРАН ҚАРАСАЗЫМ – АЙ!

Тамаша еді жазғы орман
Құстар сайрап, маз болған.
Көлшіктерде, суларда,

Үйрек ұшып, қаз қонған.
 Шыбын-шіркей қаға ма,
 Шоршып судан ақ шабақ?!
 Таз тырна отыр жағада,
 Сыңар аяқ, ақ қабақ.
 Елік ертіп лағын,
 Еңкейеді суатқа.
 Елендетіп құлағын,
 Тыншымайды бірақта.
 Көкқұтандар көлбеңдеп,
 Көтерле алмайды.
 Жалғыз-жалғыз ербеңдеп,
 Көк қояндар заулайды.
 Мұздай суын атқылап,
 Ақ бастаулар қайнаған.
 Тана-торпақ шапқылап,
 Оқыранып, ойнаған.
 ...Тамаша еді жазғы орман:
 Тамашалап, мәз болғам,
 Қайран Қарасазым-ай!
 Үйрек ұшып, қаз қонған!..



Өлеңді сатылай кешенді талдау. (1-2- 3 - 4-5- 6 сатысы)

1. Авторы

2. Тақырып. Тақырып дегеніміз – бұл өнер туындысының іргетасы. Бұл – шығарма. **Әдеби шығарма дегеніміз** – белгілі дәуірдегі қоғамдық шындықтың сәулесі. Бұл өлеңнің тақырыбы –

3. Жанр түрі – поэзия (өлең) . Өлең дегеніміз – белгілі бір өлшеммен қиыннан қиыстырып, үйлесімді ырғақпен ұйқасып келетін өрнекті сөз жүйесі.

4.Идеясы – автор тақырып арқылы шындық өмір көріністерін суреттегенде,оны өз көзқарасы, өз дүниетанымы тұрғысынан бейнелейді. Сол арқылы өз мақсат-мүддесін, арманын білдіреді. Бұл өлеңнің идеясы –

5. Шумақ. Шумақ дегеніміз аяқталған синтаксистік біртұтас ойды білдіреді. Бұл өлең – шумақты.

6. Тармақ . Тармақ дегеніміз – өлеңнің әр жолы, ... тармақты.



Шығарманы түсініп оқыңыздар.

Туған жер - тұғырың

Уа, дариға, алтын бесік туған жер,

Қадіріңді келсем білмей, кеше гөр!

Жаза алмас ем топырағыңды тебіренбей

Ақын болмай, тасың болсам мен егер, – деп кезінде болашақ ұрпаққа мол әрі аса құнды мұра қалдырған Қасым Аманжолов ақын атамыз туған жерін осылайша өлең - жолдарымен сүйіп өткен екен.

Туған жер – ол біздің алтын бесігіміз, кіндік қанымыз тамған жер, анамыз. Адамзатта екі ана болады: жарық дүниеге әкелген анасы және де осы дүниеде өз бауырында аунатып өсірген жер анасы, туған жері. Адам баласына туған жер, ел, атамекен, атажұрт, Отан - деген ұғымдар жүрегіне жақын ұғымдар. Атамекен – туған халқының, ұлтының мекен еткен, ата - бабасының қоныс тепкен жері. Туған жер – әр адамның дүние есігін ашып, өмірге келген жері. Адам өмірге келіп, ес жия бастаған сәттен өз болашағына, өткеніне ден қоя бастайды. Адамның болашағы да, өткені де туған жермен тығыз байланыста болады. Халқымыздың туған жерді ардақтау сезімі өте терең, олар үшін туған жерді қадір тұту - қанға сіңген мінез, ежелгі дәстүр. Бұл таным біздің жанымызға ана сүтімен дарыған. "Ата мекен – алтын бесік"деп, ата - бабамыз тегін айтпаған. Ол өз перзентіне барын, нәрін береді. Төсінде тербетіп, аялап әлпештейді. Әр адам өз туған жерін мақтаныш етеді, қадір тұтады. Туған жерге қызмет ету - әрбір азаматтың игі арманы, мақсат - мүддесі."Ұлтарақтай болса да, ата - қоныс жер қымбат"- деген мақал әр адамның жүрегіне терең ілтипатпен алынатын мақал. Туған жердің табиғаты да бір ерекше! Сарыарқаның сарша тамызы, бұлбұлы сайраған көктемі әдемі ғой. Самайдан желкілдеген көшкін желде – бір алып. Ақ меруерттей көмкерілген біздің Сарысу Сарыарқа өзені. Бұл өлке адамның көзіне күндік жерден шалынады. Күн сәскеден жоғары көтеріле, сумаңдай аққан мөлдір толқынды сағым Сарысу алабына сыймай, қазанда қайнаған сүттей аппақ күміс көбігін кең кемерден көпіршіте төгеді. Көктемнің кезінде кең жайылған Сарыарқаның кең даласы қанатын кең жайлап, жібектей жұмсақ болып, желмен жарыса жөнеледі. Омырауын сонау шалғынға тіреп, шайқалып, шешек атқан гүлдердей қанатын кең сермейді. Қарасаң көзіңнің ұшы - қиыры жететін тауда бір жас балаша арман қиялына басын сермеп тұр. Қарай берсең, беткей жағындағы алып жоталарда толқындай теңселіп, гүл бетіне оранып жатыр. Бұл – менің ауылым, туған жерім, ата-мекенім!



- Туған жер сен үшін несімен ыстық?
- Өз туған жеріңіз туралы ауызша айтып беріңіздер.



Мақал-мәтелді жаттап, ойтолғау жасаңыздар.

Дос — ажарың, жолдас — базарың.

Азаматпен дос бол, қадірінді біледі.

Айрылғысы келген дос аяулыңды сұрайды.
Айрылар дос ердің артқы қасын сұрайды.

Айрылмастай досыңа қайрылмастай сөз айтпа.



Өлеңді түсініп оқып, өз сөздеріңізбен баяндаңыздар.

МЕН – ҮЙСІНМІН!

Мен Үйсінмін – қауға берсең, қауға бер!
Қан ағызып үйренгем жоқ жаулап ел.
Жауы да жоқ, дауы жоқ – тып - тыныш,
Ей, бауырым біздің Алатауға кел!

Мен Үйсінмін! Мал бақ десең – мал бағам.

Еш жамандық көргенім жоқ қауғадан.
Мен Үйсінмін – ұлы жүзбін, ұлымын!
Ұлымын деп ұлыққа да бармаған.

Ортадан да, кішіден де кішімін!
Ұлымын деп көрсетпеген қысымын.
Ел басына екі талай күн туса,
Екі інімнің найзасының ұшымын!

Мен Үйсінмін! Ұлы десең, ұлымын!
Кісіліктің, кішіліктің құлымын.
Бөлінбеген еншім даяр, екі інім
Желпілдетіп жетіп келсе тұлымын!



Өлеңді сатылай кешенді талдау. (1-2- 3 - 4 – 5 - 6- 7 сатысы)

1.Авторы

2. Тақырып. Тақырып дегеніміз – бұл өнер туындысының іргетасы. Бұл – шығарма. **Әдеби шығарма дегеніміз** – белгілі дәуірдегі қоғамдық шындықтың сәулесі. Бұл өлеңнің тақырыбы –

3. Жанр түрі – поэзия (өлең) . Өлең дегеніміз – белгілі бір өлшеммен қиыннан қиыстырып, үйлесімді ырғақпен ұйқасып келетін өрнекті сөз жүйесі.

4.Идеясы – автор тақырып арқылы шындық өмір көріністерін суреттегенде,оны өз көзқарасы, өз дүниетанымы тұрғысынан бейнелейді. Сол арқылы өз мақсат-мүддесін, арманын білдіреді. Бұл өлеңнің идеясы –

5. Шумақ. Шумақ дегеніміз аяқталған синтаксистік біртұтас ойды білдіреді. Бұл өлең – шумақты.

6. Тармақ . Тармақ дегеніміз – өлеңнің әр жолы, ... тармақты.

7. Бунақ . Бунақ дегеніміз – өлең жолдарының белгілі бір дауыс ырғағымен бөлінуі. Бұл өлең – 3 бунақты.



Өлеңді түсініп оқыңыздар.

ДОСҚА ТІЛЕК

Досым бар,
Жоқ ешкімнің таласы да,
Көңілінің жоқ бүкпесі,
Аласы да.
Ақылы,
Арман-ойы,
Парасаты
Қазақтың жарасып тұр даласына.
Ұқтырып жүрегінің дарқандығын.
Уақыттың ауырсынбай тартар жүгін.
Аңқылдап жаны сүйген адамдарға
Жасырмай айтар шынын,
Айтар мұңын.
Келеді ол өрлеумен шың-асуды,
Қимылы,
Мінезі де ұнасымды.
Өз өрнек,
Өзге бояу,
Өрлігі бар,
Мен оған теңгермеймін мың асылды.
Кеудемнен сонша нәзік гүл ашылды,
Үлбірек сағағына күн асылды.
Күн, Гүл де,
Бәрі-дағы бір сол үшін,
Тағдырым талдырмасын құлашымды!

Марфуға Айтқожина



- Өлең кімге арналған?
- Сіз досыңызға қандай тілек тілер едіңіздер?



Жаңылтпаштарды жатқа айтып үйреніңіздер.

Ерді ел елер,
Ер елге еркелер.

Досқа босқа қарама,
Дос та босқа қала ма?



Ребус шешіп көрейік!



Ы



,



Өлеңді түсініп оқып, жаттап алыңыздар.

ҚАЗЫНАМ БАР

Қазынам бар.
Біреуге берсем бе екен?!
Өкпелейді-ау бермесем,
Берсем, бөтен.
Бар байлықты қойныма тығып алып,
Әлде мына құмдардай өлсем бе екен!?
Қазынам бар,

Біреуге қисам ба екен!?
Ренжиді-ау қимасам,
Қисам, бөтен.
Әлде мына даладай бар байлықты
Бір өзім иемденіп, жисам ба екен!?
Қазынам бар.
Тәуекел, сатсам ба екен?!
Өзіндікін өзгеге сатсаң, бөтен.
Әлде мына таулардай бүркеніп ап,
Бүк түсіп, теріс қарап жатсам ба екен?
Қазынам бар.
Қисапсыз шектеледі.
Қызғанады біреулер, жек көреді.
Бермеймін де, сатпаймын, көрсетпеймін!
Алам десең,
Алдымен зертте мені...

- Өлең не туралы?
- Түсінгендеріңізді баяндап беріңіздер.



Өлеңді сатылай кешенді талдау. (1-2-3-4-5-6- 7 сатысы)

1. Авторы ...

2. Тақырып. *Тақырып дегеніміз* – бұл өнер туындысының іргетасы. Бұл – шығарма. *Әдеби шығарма дегеніміз* – белгілі дәуірдегі қоғамдық шындықтың сәулесі. Бұл өлеңнің тақырыбы – ...

3. Жанр түрі – поэзия (өлең) . *Өлең дегеніміз* – белгілі бір өлшеммен қиыннан қиыстырып, үйлесімді ырғақпен ұйқасып келетін өрнекті сөз жүйесі.

4.Идеясы – автор тақырып арқылы шындық өмір көріністерін суреттегенде,оны өз көзқарасы, өз дүниетанымы тұрғысынан бейнелейді. Сол арқылы өз мақсат-мүддесін, арманын білдіреді. Бұл өлеңнің идеясы – ...

5. Шумақ. *Шумақ* дегеніміз аяқталған синтаксистік біртұтас ойды білдіреді. Бұл өлең – шумақты.

6. Тармақ . *Тармақ дегеніміз* – өлеңнің әр жолы, ... тармақты.

7. Бунақ . *Бунақ дегеніміз* – өлең жолдарының белгілі бір дауыс ырғағымен бөлінуі. Бұл өлең – ...



Қазына сөзіне сөзжұмбақ құрастырыңыздар.

Сен білесің бе?

Қазақ халқы ұлы дала заңына сай әр адамның өмір сүруде өзін бақытты сезінуіне қажетті дүниелерді — Жеті Қазына деп атаған. Сол жеті қазынасы бар адам өмірдің бар рахаты мен қызығын көреді деген сөз. Өйткені ол жерде ең қажетті дүниелер айтылған.

Қазақ халқы Жеті қазынаны ер жігіттің өмірімен байланыстырып, оның ұғымына мыналарды жатқызады :

1. Ер жігіт.
2. Сұлу әйел.
3. Ілім — білім.
4. Жүйрік ат.
5. Құмай тазы.
6. Қыран бүркіт.
7. Берен мылтық.



Мәтінді түсініп оқып, көкейіңізде сақтаңыздар!

Менің ойымша дүниеде жаман адам болмайды, сондықтан кез келген адам НАҒЫЗ АДАМ деген түсінікке лайық. Жалпы адам адамнан ақыл, мінез, сұлулық, бой деген ұғымдармен ғана ерекшеленеді. Бірақ, кез келген адамның туа бітті мінезі, өзіне тән сұлулығы болады емес пе? Ал еңбекқорлық, адалдық, табандылық, имандылық сияқты қасиеттер адамның ішкі сезіміне, санасына байланысты. Ішкі жан дүниесі мен сыртқы сұлулығы астасып жатқан адам НАҒЫЗ АДАМ деген ұғымға лайық. Ешкімге жамандық ойламайтын, адамдардың барлығын өзіндей жақсы көретін, періште болмасада, жүрегі ақ адамдар НАҒЫЗ АДАМ деген ұғымға лайық.



- Мәтіннен не түсіндіңіздер?
- Нағыз адам деп кімді айтуға болады?



Өлеңді түсініп оқып, жаттап алыңыздар.

СЕНІ АЗАМАТ ДЕГЕНДЕ...

Сені де адам дегенге
 Сенбейін бе, сенем бе?!
 Ойнақ салдың төбемде,
 Көнбейін бе, көнем бе?!
 Сендей сұмдық адамға,
 Нанбайын ба, нанам ба?!
 Не тұр екен санаңда,
 Жақсы ма, әлде жаман ба?!
 Адал ма, әлде арам ба?!
 Айласы көп арамға,
 Босқа алданып қалам ба?!
 Түсінбеймін мен саған,
 Түсіне алмай шаршағам.
 Күліп барып алдыңа,
 Жылап шықты қанша адам.
 Сені азамат дегенге
 Сенбейін бе, сенем бе?!
 ...Есінді жи, елерме!
 Арамдықты дененде,
 Айдалаға көгенде.
 Сазарма да көгерме,
 Сенсін десең егерде...



Өлеңді сатылай кешенді талдау. (1-2-3-4-5-6- 7- 8 сатысы)

1. Авторы

2. Тақырып. Тақырып дегеніміз – бұл өнер туындысының іргетасы. Бұл – шығарма. **Әдеби шығарма дегеніміз** – белгілі дәуірдегі қоғамдық шындықтың сәулесі. Бұл өлеңнің тақырыбы –

3. Жанр түрі – поэзия (өлең) . Өлең дегеніміз – белгілі бір өлшеммен қиыннан қиыстырып, үйлесімді ырғақпен ұйқасып келетін өрнекті сөз жүйесі.

4.Идеясы – автор тақырып арқылы шындық өмір көріністерін суреттегенде,оны өз көзқарасы, өз дүниетанымы тұрғысынан бейнелейді. Сол арқылы өз мақсат-мүддесін, арманын білдіреді. Бұл өлеңнің идеясы –

5. Шумақ. Шумақ дегеніміз аяқталған синтаксистік біртұтас ойды білдіреді. Бұл өлең – ... шумақты.

6. Тармақ . Тармақ дегеніміз – өлеңнің әр жолы, ... тармақты.

7. Бунақ . Бунақ дегеніміз – өлең жолдарының белгілі бір дауыс ырғағымен бөлінуі. Бұл өлең –

8. Буын саны– өлең жолдарындағы дауысты дыбыстарға байланысты. Бұл өлең – 8 буынды.

Се, ні, 3 (де), буындары – **ашық буындар**. Себебі, буындар дауыссыз дыбыстардан басталып, дауысты дыбыстарға аяқталып тұр. **а** буыны жалғыз

дауысты дыбыстан тұр. *дам*, *ген* буындары – **бітеу буындар**. Себебі, буындар дауыссыз дыбыстардан басталып дауыссыз дыбыстарға аяқталып тұр.



Өлеңді түсініп оқып, өз сөздеріңізбен баяндаңыздар.

АДАМ БОЛУ

Адам болу- мамандықтың қиыны,
Кісілікті ұғынарсың тиімді.
Ақыл,ғылым,ар,мінезден көрінер,
Өз ісіңе төрешісің түй мұны.
Ақ көңілді сенгіш келер ұлы адам,
Ар мен азап шегу үшін жаралған.
Болсаң егер бір атаның баласы,
Бір заманның баласысың тараған.
Нағыз адам әлсіздерді қинамас,
Арамдыққа құл болмағын,кел жанас.
Әр пенденің жақсы жағын көре біл,
Бауырға тарт,қолдан келсе,жөн силас.
Ар ұяттың кейіпкері таза - адам,
Қуыс кеуде тас лақтырар тасадан!
Ақыл - адам ажарының көрігі,
Қызметіңе мастанбағын жасаған.
Адамдар бар із қалдырар өзінен,
Сабыр керек таусылмайтын төзіммен.
Күресе біл,мақсатыңа жетерде,
Жан сарайың белгі берер сөзіңнен.



- Өлеңнен не түсіндіңіздер?
- Адам болып қалу үшін не істеу керексіздер?



Берілген сурет мазмұны бойынша әңгіме құраңыздар.



Өлеңді түсініп оқып, жаттап алыңыздар.

ҚОЙШЫ БАЛА ӘКІТАЙ

Алғыр, өжет Әкітай,

Өзі қалап қой баққан.
Қозысын қорғап аялай,
Лағын жарға ойнатқан.
Жайлауда болды Әкітай,
Семіртіп қойын бірнеше ай.
Шілденің ыстық күнінде,
Мал бабын тапты жалықпай.
Жайлаудан қайтты Әкітай,
Күз болды енді түн ұзап.
Күзетіп қойын ұйықтамай,
Бөріге бермей бір лақ.
Қыс болсын мейлі Әкітай,
Мәпелеп қойын бағады.
Өмірден оқып қажымай,
Малының бабын табады.



Өлеңді сатылай кешенді талдау. (1-2-3-4-5-6- 7- 8- 9 сатысы)

1.Авторы

2. Тақырып. Тақырып дегеніміз – бұл өнер туындысының іргетасы. Бұл – шығарма. **Әдеби шығарма дегеніміз** – белгілі дәуірдегі қоғамдық шындықтың сәулесі. Бұл өлеңнің тақырыбы –

3. Жанр түрі – поэзия (өлең) . Өлең дегеніміз – белгілі бір өлшеммен қиыннан қиыстырып, үйлесімді ырғақпен ұйқасып келетін өрнекті сөз жүйесі.

4.Идеясы – автор тақырып арқылы шындық өмір көріністерін суреттегенде,оны өз көзқарасы, өз дүниетанымы тұрғысынан бейнелейді. Сол арқылы өз мақсат-мүддесін, арманын білдіреді. Бұл өлеңнің идеясы –

5. Шумақ. Шумақ дегеніміз аяқталған синтаксистік біртұтас ойды білдіреді. Бұл өлең – шумақты.

6. Тармақ . Тармақ дегеніміз – өлеңнің әр жолы, ... тармақты.

7. Бунақ . Бунақ дегеніміз – өлең жолдарының белгілі бір дауыс ырғағымен бөлінуі. Бұл өлең –

8. Буын саны– өлең жолдарындағы дауысты дыбыстарға байланысты. Бұл өлең – ... буынды .



Қойшы бала Әкітайға хат жазыңыздар.



Мақал-мәтелдерді түсініп оқып, жаттап алыңыздар.

Шындық қамал бұзар.

Шындық - бір сөз, өтірік - мың сөз.

Шындық жоқ жерде сұмдық көп.

Шындық бар жерде,

Өтірік байқап жүреді.

Шындық жоқ жерде

Шіреніп, шайқап жүреді.

Шындықтың шырағы сөнбейді.



Өлеңді түсініп оқып, жаттап алыңыздар.

ШЫНДЫҚ ТУРАЛЫ

Шындық көзге шұқиды қашаннан да,

Шыбын жаның шындықтан қаша алған ба.

Ар-ақиқат үкімі жасалғанда,
 Қолға тұрар ноктасыз асаулар да.
 Қолға тұрар қулар да, зұлымдар да,
 Ат жалынан мал тапқан жылымдар да.
 Арамзаны, ұрыны жұлып түспей,
 Ақиқаттың алмасы суынған ба!
 Шындық деген - шымылдық біреулерге,
 Қалқа қылып шындықты жүрер пенде.
 Шымылдығын шындық кеп жұлып алса,
 Шыбыны ұшып, бишара кірер жерге.



Өлеңді сатылай кешенді талдау. (1-2-3-4-5-6- 7- 8- 9 сатысы)

1.Авторы ...

2. Тақырып. *Тақырып дегеніміз* – бұл өнер туындысының іргетасы. Бұл – шығарма. *Әдеби шығарма дегеніміз* – белгілі дәуірдегі қоғамдық шындықтың сәулесі. Бұл өлеңнің тақырыбы –

3. Жанр түрі – поэзия (өлең) . *Өлең дегеніміз* – белгілі бір өлшеммен қиыннан қиыстырып, үйлесімді ырғақпен ұйқасып келетін өрнекті сөз жүйесі.

4.Идеясы – автор тақырып арқылы шындық өмір көріністерін суреттегенде,оны өз көзқарасы, өз дүниетанымы тұрғысынан бейнелейді. Сол арқылы өз мақсат-мүддесін, арманын білдіреді. Бұл өлеңнің идеясы –

5. Шумақ. *Шумақ* дегеніміз аяқталған синтаксистік біртұтас ойды білдіреді. Бұл өлең – шумақты.

6. Тармақ . *Тармақ дегеніміз* - өлеңнің әр жолы, ... тармақты.

7. Бунақ . *Бунақ дегеніміз* – өлең жолдарының белгілі бір дауыс ырғағымен бөлінуі. Бұл өлең – ... бунақты.

8. Буын саны – өлең жолдарындағы дауысты дыбыстарға байланысты. Бұл өлең – ... буынды.

9. Ұйқас түрі. *Ұйқас дегеніміз* – өлеңнің бітім, мазмұнымен тамырлас келіп, оған ерекше саз, әуен беріп тұратын өлең тармақтарындағы сөздер үндестігі. Бұл өлең – шұбыртпалы ұйқас (*a,a,a,a*).

Қазақ поэзиясында ұйқастардың түрі көп.

- 1) қара өлең ұйқасы (*a,a,b,a*),
- 2) шұбыртпалы ұйқас (*a,a,a,a*),
- 3) ерікті ұйқас (*a,b,v,z,b*),
- 4) кезекті ұйқас (*a,b,v,b*), (*a-b-v-a*).
- 5) шалыс ұйқас (*a,b,a,b*),
- 6) егіз ұйқас (*a,a,b,b*),
- 7) аралас ұйқас (*a,a,b,v,b,v,b,b,b*),
- 8) осы күнгі ерікті ұйқастар (*a,b,a,b,v,z,d*).



Мәтінді түсініп оқып, өз ойларыңызбен аяқтаңыздар.

Шындық – кейде сұмдық, кейде ғажап. Шындық – кейде ащы, кейде тәтті. Шындық – адамдарды кейде алыстатады, кейде жақындатады. Шындық – кейде жұмсақ, кейде қатты. Шындық – кейде керек, кейде мүлдем керегі жоқ. Шындықты барлық жерде қолдана бермеу керек. Шындық – өз орнымен..



Берілген сурет мазмұны бойынша әңгіме құраңыздар.



Өлеңді түсініп оқып, жаттап алыңыздар.

СӘЛЕМДЕМЕ

Менен сәлем айтқайсың сұрағанға,

Сұрағайсың, үй-іші дін аман ба.
Өмір кешіп жатыр де ол да өзінше,
Тірлік керек, әрине, тірі адамға.
Дегейсің болмашыға қамығып жүр.
Болмаса, барлығы да табылып жүр.
Құлын-тайдай тең өскен құрбыларын,
Дегейсің сағынып жүр, сағынып жүр.
Айтқайсың жағдайымды өзің көрген,
Аман де әзірге тек көз ілгеннен.
Күйзеліп күндіз-түні тыным алмай,
Күресіп жатыр деген сезімдермен.
Сыртын беріп достары кеткеніне,
Өкінбейді дегейсің, өткеніне.
Табыс етіп бар сырын жіберді де,
Көзден ұшқан көңілдің кептеріне.
Армандайды дегейсің, қиялдайды,
Қайда барса, бір басы сыя алмайды.
Сендер оны ұмытып кетсеңдер де,
Дегейсің, сендерді ол қия алмайды.



Өлеңді сатылай кешенді талдау. (1-2-3-4-5-6- 7- 8- 9 сатысы)

1. Авторы

2. Тақырып. Тақырып дегеніміз – бұл өнер туындысының іргетасы. Бұл – шығарма. **Әдеби шығарма дегеніміз** – белгілі дәуірдегі қоғамдық шындықтың сәулесі. Бұл өлеңнің тақырыбы –

3. Жанр түрі – поэзия (өлең) . Өлең дегеніміз – белгілі бір өлшеммен қиыннан қиыстырып, үйлесімді ырғақпен ұйқасып келетін өрнекті сөз жүйесі.

4.Идеясы – автор тақырып арқылы шындық өмір көріністерін суреттегенде,оны өз көзқарасы, өз дүниетанымы тұрғысынан бейнелейді. Сол арқылы өз мақсат-мүддесін, арманын білдіреді. Бұл өлеңнің идеясы –

5. Шумақ. Шумақ дегеніміз аяқталған синтаксистік біртұтас ойды білдіреді. Бұл өлең – ... шумақты.

6. Тармақ . Тармақ дегеніміз - өлеңнің әр жолы, ... тармақты.

7. Бунақ . Бунақ дегеніміз – өлең жолдарының белгілі бір дауыс ырғағымен бөлінуі. Бұл өлең – ... бунақты.

8. Буын саны – өлең жолдарындағы дауысты дыбыстарға байланысты. Бұл өлең – ... буынды.

9. Ұйқас түрі. Ұйқас дегеніміз – өлеңнің бітім, мазмұнымен тамырлас келіп, оған ерекше саз, әуен беріп тұратын өлең тармақтарындағы сөздер үндестігі. Бұл өлең – ... ұйқасы.



Мәтінді түсініп оқып, өз сөздеріңізбен баяндаңыздар.

Қазақ "Сәлем – сөздің анасы" деп, баласына алдымен сәлемдесу әдебін үйреткен. Өйткені амандасуына қарап, баланың тәрбиесіне баға берген.

«Жасында көргені жоқтың, өскенде айтары жоқ» деп, қазақ отбасыларында баланың тілі шыққан уақыттан бастап, "ағаңа сәлем бер, әжеңе амандас" деп үйге келген кісілермен амандасудың ретін үйретіп отырған.

Үлкенге сәлем беріп, алғысын алу – қазақ салт-дәстүрінің ең озық түрі. Сәлемі түзу балаға үлкендер "Көсегең көгерсін, жүз жаса, бақытты бол" деп алғыс айтқан. Дұрыс амандаспаса, "үлкенді сыйлай білмейді, көргенсіздің баласы" деп ата-анасын кінәлаған. Осылай баласына қарап, ата-анасына баға берген.



Дәйек сөзді оқып, ойтолғау жасаңыздар.

Алтын алма, алғыс ал.

Алтын деген жер сыйы, алғыс деген ел сыйы.

- Неге алтын алма, алғыс ал дейді?
- Ата – анамыздан, туыстарымыздан қандай алғыс, ризашылық сөздер естіп жүрсіздер?
- Бауырмалдық, татулық адамдарды неге жетелейді?



Өлеңді түсініп оқып, жаттап алыңыздар.

МЕН ДЕГЕН – ЫРЗА, МӘЗ БАЛА

Достар-ау, қайда тайдыңдар
Не берді маған ай-жылдар?
Аздаған менде бақыт бар,
Аз ғана менің қайғым бар.
Қалғаны болса айтыңдар.
Айтылған арыз, назға да,
Көктемге, қысқа, жазға да.
Мен деген - ырза, мәз бала.

Рахат көрген аз ғана,
Азап та тартқан аз ғана,
Мен деген - ырза, мәз бала
Сәби қалпымнан қозғама.
Молынан маған бермеген
Бермесе қойсын кенде емен.
Аязды аздап көрген ем,
Ыстықта аздап шөлдегем,
Анасының да ақ сүтін
Айызы қанып ембеген -
Мәз бала, достар, мен деген.
Жыласам-дағы еңбектеп,
Жығылсам-дағы еңбектеп,
Рахат алып аз ғана
Аз ғана еткен еңбектен
Мен деген - ырза, мәз бала,
Мәз болам мынау Жер - Көкке.



Өлеңді сатылай кешенді талдау. (1-2-3-4-5-6- 7- 8- 9 сатысы)

1. Авторы ...

2. Тақырып. Тақырып дегеніміз – бұл өнер туындысының іргетасы. Бұл – шығарма. **Әдеби шығарма дегеніміз** – белгілі дәуірдегі қоғамдық шындықтың сәулесі. Бұл өлеңнің тақырыбы – ...

3. Жанр түрі – поэзия (өлең) . Өлең дегеніміз – белгілі бір өлшеммен қиыннан қиыстырып, үйлесімді ырғақпен ұйқасып келетін өрнекті сөз жүйесі.

4.Идеясы – автор тақырып арқылы шындық өмір көріністерін суреттегенде, оны өз көзқарасы, өз дүниетанымы тұрғысынан бейнелейді. Сол арқылы өз мақсат-мүддесін, арманын білдіреді. Бұл өлеңнің идеясы – ...

5. Шумақ. Шумақ дегеніміз аяқталған синтаксистік біртұтас ойды білдіреді. Бұл өлең – шумақты.

6. Тармақ . Тармақ дегеніміз - өлеңнің әр жолы, ... тармақты.

7. Бунақ . Бунақ дегеніміз – өлең жолдарының белгілі бір дауыс ырғағымен бөлінуі. Бұл өлең – ... бунақты.

8. Буын саны– өлең жолдарындағы дауысты дыбыстарға байланысты. Бұл өлең – ... буынды.

9. Ұйқас түрі. Ұйқас дегеніміз – өлеңнің бітім, мазмұнымен тамырлас келіп, оған ерекше саз, әуен беріп тұратын өлең тармақтарындағы сөздер үндестігі. Бұл өлең – ... ұйқас.



Бала сөзіне **«Бес жолды өлең»** құрастырыңыздар.

1. Тақырыпқа қатысы – бір зат есім. (кім? не?)
2. Бірінші зат есімге екі сын есім. (қандай?)
3. Бірінші зат есімге қатысты үш етістік. (не істеді? не істейді?)
4. Бірінші зат есімді суреттеп толықтыратын төрт кілт сөз.
5. Тақырыпты сипаттайтын бір синоним немесе метафора (зат есім)



Жат жазу

Мен-дағы өлең жазбаймын ермек үшін,
 Ермек үшін, немесе өлмеу үшін.
 Жазсам, жазам жырды мен, жасырмаймын,
 Жаралы жүректерді емдеу үшін.
 Ермек үшін белгілі жырламасым,
 Ермек десе, ел мейлі тыңдамасын.
 Өтсем болды арқалап адамдардың
 Қуанышын, шаттығын, мұң-наласын.
 Қуат алып Абайдың тіл-күшінен,
 Жыр жазамын Абайдың үлгісімен.
 Абай болып табынсам бір кісіге,
 Абай болып түңілем бір кісіден.
 Өлмеу үшін - құлқынды жемдеу үшін.
 Мен-дағы өлең жазбаймын ермек үшін.
 «Жаздым үлгі жастарға бермек үшін»
 Абай жаққан бір сәуле сөнбеу үшін.

Мұқағали Мақатаев

Мұқағали сөзіне «*Бес жолды өлең*» құрастырыңыздар.

1. Тақырыпқа қатысы – бір зат есім. (кім? не?)
2. Бірінші зат есімге екі сын есім. (қандай?)

3. Бірінші зат есімге қатысты үш етістік. (не істеді?не істейді?)
4. Бірінші зат есімді суреттеп толықтыратын төрт кілт сөз.
5. Тақырыпты сипаттайтын бір синоним немесе метафора (зат есім)



Тест

1-нұсқа

1. Мұқағалидың азан шақырып қойған аты.
 А) Мұқамедханафия ә) Мұқаметқали б) Мұқаметәлі
2. Ақынның бірге туған бауырлары.
 А) Әбдіке, Еркін ә) Асқар ,Сабырхан б) Тоқтарбай, Көрпеш
3. Мұқағалиға арналған лебіздің авторы кім?
 «Мұқағали- біздің заманымыздың поэзия дүниесіндегі құбылыс»
 а) Әбділда Тәжібаев ә) Қадыр Мырза –Әлі б) Фариза Оңғарсынова
4. Мұқағали ең алғаш жарыққа шыққан өлеңі.
 а) Махаббат диалогы ә) «Қойшы бала Әкітай» б) Сен менің еліме бар
5. Мұқағалидың әкесінің аты.
 а) Сүлеймен ә) Мақатай б) Сәрсен
6. М.Мақатаев қай жылы қайтыс болды?
 а) 1977 жылы 27 –наурыз ә) 1975 жылы 27-наурыз б) 1976 жылы 27-наурыз
7. Ақынның көз тірісінде қанша кітабы жарық көрді?
 а) 15 ә) 12 б) 11
8. Ақынның шешесінің аты.
 а) Зәуре ә) Нағиман б) Ақтолық

2- нұсқа

1. Мұқағалидың атын қойған кім?
 а) Бизак ә) Әбжан б) Еркін
2. Ақынның әжесінің аты кім?

12. Оқушыларға бейнефильм көрсету. М. Мақатаевтың өз даусымен оқыған өлеңі. (interesnoe.me/source-31643537/post-5752449)